



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘРІПТЕСТЕР АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН



Былыр ҚР Жоғарғы Сотының еліміздегі мереке күндер тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жобаны дайындап, Үкіметке жолдағанынан бәріміздің хабарымыз бар. Кейіннен судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне қатысты ұсыныс ашық талқылауға шықты. Талқылау биыл болғанымен, бұл тақырып талайдан бері әріптестер арасында сөз болып, оң шешімін табуын жылдар бойы күткеніміз рас. Сондықтан болар, елорда жаққа құлағымызды тігіп, ақжолтай хабарды күтіп, тақымымызды қысумен болдық.

(Соңы 3-бетте)

ЛЕБИЗ

ТӨЛ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті судьялар және сот жүйесінің қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Судья және сот қызметкері күнімен құттықтаймын!

Биыл алғаш рет атап өткелі отырған кәсіби мерекеміз сот жүйесіндегі түбегейлі өзгерістермен тұспа-тұс келіп тұр. Бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесуінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл өзгерістерге арнайы тоқталып: «Сот жүйесін реформалау қажеттілігі пісіп-жетілді. Өзгерістің керектігі туралы шетелдік инвесторлардан, кәсіпкерлерімізден және отандастарымыздан жиі естиміз. Сондықтан алдағы уақытта мен осы бағытта нақты ауқымды шараларды жария етпекпін», – деді.

Бұл алдағы уақытта маңызды жұмыс, жаңа талаптар мен тәсілдер, ашық әрі әділ сот төрелігін құру үшін жауапкершіліктің күшейетінін көрсетеді.

Мемлекеттік-құқықтық саладағы маңызды міндеттерді шешуде Судьялар одағы судьялар қауымдастығының ортақ ұстанымын білдіре отырып, соттар жұмысына және судьялар мәртебесіне, олардың құқықтарына, ар-намысына, қадір-қасиетіне, әлеуметтік, материалдық және басқа да мүдделерін қорғауға қатысты өзекті мәселелерді тұрақты көтеріп келеді. Судьялар қызметіндегі моральдық-адамгершілік қағида-тәртіп сақтауда, судьяның әлеуметтік рөлін айшықтауда Судья әдеби кодексі маңызды рөл атқарады. Сондықтан да бұл кодекс қоғам талабы мен заманауи қажеттіліктерге қарай үнемі жетілдіріліп тұрады.

Сот жүйесіндегі оң өзгеріс, озық нәтижелерге Судьялар одағының Жоғарғы Сотпен, филиалдармен және жергілікті жерлердегі ардагерлермен бірлесіп жүргізілген үйлесімді жұмысы ықпал етуде. Бүгінгі мүмкіндікті пайдалана отырып, өңірлердегі судьялар қоғамдастығына, Судьялар одағының Орталық кеңесіне сындарлы қоғамдық жұмысы, жанашырлығы, биік ұстанымы үшін алғысымды білдіргім келеді. Сіздердің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыздың арқасында біз көп нәрсені жақсы жаққа өзгертіп жатырмыз.

Судья мамандығы ешқашан жеңіл болмаған және болашақта да оңай болмайтынын білеміз. Ең алдымен судья мамандығы өзінің әлеуметтік маңыздылығына, ерекшелігіне және қоғамдық сұраныстың күрделенуіне байланысты үлкен батылдықты, тәртіп пен жауапкершілікті талап етеді. Бұл бірінші кезекте. Сондықтан судьялар терең білім, кәсіби шеберлік, талапшылдықтан бөлек, шыдамдылық, сабырлық, өмірлік төзімділік және өзін-өзі бақылау қажеттігін үнемі есте ұстауы керек. Дегенмен, ұзаққа созылған дау аяқталған кезде, біреудің құқығы қорғалып қуанған сәтте немесе татуласқысы келмейтіндерді татуластыру мүмкін болған тұста әр судьяның мамандығына деген мақтанш сезімі оянары анық.

Сот төрелігін іске асыруда іс жүргізу құжаттарын жүргізетін, іске қатысушы адамдармен тікелей қарым-қатынас жасайтын, судьяның күнделікті қызметін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген сот қызметкерлерінің тынымсыз еңбегі туралы айтпай кету мүмкін емес. Сырт кезге байқала бермегенімен, сот беделінің биік болуы – сот қызметін жүзеге асыратын мамандардың жауапты, тиянақты еңбегінің жемісі.

Кәсіби мерекеге орай еліміздің соттарында саланың ілгерілеуіне ауқымды үлес қосқан сот ардагерлерін құрметтеу, еңбегін дәріптеу мақсатында көптеген іс-шаралар өтпек. Бұл мерекелік шаралар мен кездесулер отандық сот төрелігіндегі аға буын мен жас буын арасындағы сыйластықты сақтаудың, үндестік пен өзіндік дәстүрді ұлықтаудың және нығайтудың үлгісі іспеттес. Мұндай шаралар ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудағы ортақ мақсатты мінсіз орындауға, судьялар қауымдастығының бірлігін нығайтуға септігін тигізеді.

Құрметті әріптестер! Судьялар одағы атынан сіздерді кәсіби мерекеніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, халық сеніміне ие болу үшін әділеттілік пен құқық үстемдігі идеалдарына адал қызмет етулеріңізге тілекшімін!

Сәкен АБДОЛЛА,
ҚР Судьялар одағының төрағасы,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы.

ПАЙЫМ

СОТ БИЛІГІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жаңа Қазақстан дегеніміз – бұл шындығында әділетті Қазақстан», – деп, «Жаңа Қазақстан» ұғымына нақты анықтама берген болатын. «Жаңа Қазақстан» құруда сот жүйесіне артылатын жауапкершілік жүгі зор. Біздің міндетіміз – осы міндетті абыроймен орындап, әділетті қоғам құруға атсалысу.

Қоғамда әртүрлі әділетсіздікке тап болып, құқығы бұзылған адамның араша сұрап баратын жері – сот. Қай заманда да халық арасында тура бидің беделі жоғары болған. Сондықтан да сот билігінің маңызы мен мәртебесі ескеріліп, Үкіметтің ағымдағы жылдың 31 наурызындағы қаулысына сәйкес, 24 маусым – Судья және сот қызметкерлерінің күні болып бекітілді. Бұл тәуелсіз әрі бейтарап сот билігіне деген лайықты құрмет деп санаймын.

1991 жылы еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басқа билік тармақтары сияқты сот жүйесі де қиын да күрделі қалыптасу кезеңін басынан өткізді. Егеменді ел болғалы бері қоғам мен мемлекет үшін маңызы өте зор реформалар жүзеге асырылды. Кәсіби судьялар корпусы қалыптасты. Отандық сот жүйесінің халықаралық дәрежедегі беделі

артып, біздің жүйедегі кейбір озық үлгілер мен бастамалар шетелдік әріптестеріміздің тарапынан қызығушылық тудырды.

Соттардың тәуелсіздігі мен судьялардың мәртебесі шынайы нығайып, соның ішінде материалдық-техникалық тұрғыдағы мәселелер реттелді. Соттар қызметінің базалық нормалары 1994 жылы жарияланған құқықтық реформа бағдарламасында өзінің айқын көрінісін тапты. Атап айтқанда, судьялардың заңдық және құқықтық мәртебесі «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен бекітілді. Сол жылы арбитраждық соттар жалпы соттармен біріктірілді. Елімізде біртұтас сот жүйесі құрылып, тәуелсіз сот билігі қалыптасты. Сот жүйесін әрі қарай жетілдірудің басым бағыты ретінде соттарды мамандандыру үлгісі таңдап алынды.

2004 жылдан бастап республиканың барлық аймақтарында ауданаралық экономикалық, әкімшілік, қылмыстық және ювеналдық соттар құрылды. 2018 жылы мамандандырылған тергеу соттары енгізілді. Осындай игі бастамалардың нәтижесінде істерді қараудың сапасы едәуір жақсарды. Қоғам алдында сот беделі барынша арта түсті. 2007 жылы сот ісін алқа билердің қатысуымен жүргізудің жаңа казакстандық үлгісі қалыптасты.

Сонымен қатар, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды әрі қарай жетілдірудің кепілі ретінде 2008 жылы қамауға алу тек сот санкциясымен ғана жүзеге асырылатын болды. Соның нәтижесінде, сотқа дейінгі қамауда отырғандар саны айтарлықтай кеміді.

Соңғы жылдары әкімшілік әділет институтына қатысты ауқымды реформалар жүргізілді. Нәтижесінде жаңа мамандандырылған әкімшілік соттар құрылып, сот қызметі халыққа барынша қолжетімді бола түсті.

2011 жылы елімізде «Медиация туралы» заң қабылданған болатын. Сол уақыттан бері медиация институты қарқынды дамып келеді. Жергілікті жерлердегі соттарда татуластырушы судьялар бекітіліп, соның нәтижесінде көптеген дау-жанжалдар сотта бейбіт жолмен аяқталды. Жыл сайын тараптардың татуласуымен аяқталған істердің саны артуда. Біз бұл мақсаттағы жұмыстарды әрі қарай да жалғастыратын боламыз.

Отандық сот жүйесін жетілдіру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың маңызды бір бөлігі сот жүйесін цифрландыру болып табылады.

(Соңы 3-бетте)

ТАҒЫМ

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

Біз Қазақ мемлекетінің ел болып, еңсе көтергеннен бері құқықтық тәртіп пен дала заңына бағынып, белгілі бір шектеулерді сақтай отырып, өмір сүріп келе жатқанын білеміз. Дала заңдарының үлгісін қалыптастырып, кесімін айтқан би-шешендер бір-бірінен үйреніп, тәжірибе бөлісіп, әр кезеңдегі мемлекеттік құрылымдық жүйеге қарай дамып отырған. Ұлан-ғайыр даланың әр аймағында өз төрешілері болған.

Көне заңдар ережесі мен билер соты 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін қолданылды. Одан кейін «ескіліктің қалдығы» есебінде ұлттық мемлекеттік маңызын жойды. 1922 жылы Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылып, сот, заң шығару орындары, басқару билігі одақтық саясат негізіне сай қайта жүйеленді. Бұрынғы билер сотының орнына жергілікті жерлерде халық соттары құрылды. Судьялар енді ресми түрде, заң аясында 3 не 5 жыл мерзімдерге сайланатын болды.

(Соңы 5-бетте)

ҮЛГІ

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

Биыл алғаш рет Судья және сот қызметкерлерінің күні белгіленіп отыр. Қазақстанның кәсіби мерекелер күнтізбесінің жаңа мерекемен толыққаны біз үшін үлкен қуаныш. Ақордадан жеткен ақжолтай хабарды ести сала сүйіншілеп, бөлісіп жатқанымыз да сондықтан.



Кәсіби мереке – сот саласына өмірін арнаған ардагерлерімізді ұлықтауға, үздіктерді үлгі етуге, жас буынды қанаттандыруға таптырмайтын мүмкіндік. Жақсы жаңалықтың шеті шыққалы бері бұқаралық ақпарат құралдарында аға буынның ақ адал ісін көрсетіп, ардагер-судьялардың еңбегін дәріптеп, әріптестеріміздің шынайы сүйіспеншілікпен, үлкен құрметпен жазған макалаларына тәнті болып жатырмыз. «Жақсы сөз жан семіртеді» дейді қазақ. Шың мәнінде бұл жылы лебіздер жақсы адамның жанына жа-

лау болып қоймай, саладағы талай жаннның жұмысына серпін берері ақиқат. Сот жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагерлерді ұлықтау – кейінгі буынның парызы. Сонымен қатар, біз қатарымыздағы үндемей жүріп үлкен істерді тындырған, дабыра жасамай-ақ талай шараларға мұрындық болған әріптестерге жылы сөз арнаудан жалықпауымыз керек. Әсіресе, жастар аға буыннан қолдау, ізгі лебіз күтеді. Осындайда қазақстандық соттың бағытынан адаспай, жүрісінен жаңылмай, бүгінгі биікке жетуіне ұрпақтар арасындағы үндестіктің әсер еткенін мойындауымыз керек. Ендеше, мереке қарсаңында үлкеннің ақылын тыңдап, мәртебелі міндетті абыроймен жалғастырып келе жатқан жастардың еңбегіне, қабілетіне қатысты ізгі пікір айтуда сараңдық танытпағанымыз жөн. Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы Аманбек Калпаков та жас болғанмен, ортасына бас болып, ізетімен, еңбекқорлығымен, білімімен өзін мойындатқан жан.

«Асыл – тастан, ақыл – жастан» деген дана сөз дәл осы Аманбек Шыршығұлды секілді жұмыстан қорықпайтын, ойы ұшқыр, кез келген мәселені ақылмен шешетін жастарға арнап айтылғандай көрінеді маған. Өзіне жүктелген істі тыңғылықты, жауапты, дер кезінде атқаратын әріптесіміз сенім капиталын әлдеқашан қалыптастырып үлгерген. Содан болар, Аманбек қолға алған істің нәтижелі болатынына, Аманбек араласқан жұмыстың сәтті аяқталуына, Аманбек білек түре кіріскен жобала биікке жетерімізге көзіміз әлдеқашан жеткен. Жастарды былай қойғанда, аға буынның да Аманбекке сенім арта, үміт ете қарайтыны осыдан.

Сот жүйесі – Аманбек Шыршығұлды еңбекке алғаш түрен салған сала. Заңгерлік білім алғаннан кейін Ақтау қалалық №2 сотында жетекші маман болып орналасқан жас жігіттің өзгелерден озық, қатарластарынан алда екені алғашқы кезден-ақ байқалған. Кеңсе – сот жұмысының «тылы» десек, осы тылдың мықты болуы мамандардың дұрыс тандалуына, сауаттылығына, парасат-пайымына көп байланысты. Сот – дау алаңы болғанымен, сот мамандарының ілтипаты, ізеті ашулы азаматтарды сабырға шақыруда әсерлі. Ол үшін мамандар тараптар қойған сауалдарға байыпты жауап қайтарып, жанашырлық танытуы, өзін шарасыз сезінген жандарға түзу жол нұсқауы тиіс. Аманбек Ақтау қаласының №2 соты кеңсесінің бас маман-сот мәжілісінің хатшысы, Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасының бас маман-сот мәжілісінің хатшысы, Ақтау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының кеңсе меңгерушісі қызметін атқара жүріп, сот «тылына» қажетті үлкен тәжірибе мектебінен өтті. Ал бұл мектептің тек құжат дайындап, сот әдебіне сай қызмет етуден басқа қаншама міндеті мен межесі бар? Әсіресе, кеңсе жұмысына араласқан адам командалық жұмыс істеудің қыр-сырын жетік меңгеріп, әріптестерінің ізіне ерте алатындай көшбасшылық қасиетті меңгерсе, нұр үстіне нұр. Мен осындай жас та болса, сөзін айналасына тыңдата алатын, өзгелерді соңына ерте алатын, білгенімен бөлісетін, шетке шыққанды ортасына қосатын көшбасшылық қасиетті Аманбек Шыршығұлдынан көремін. Қиындықтан қашпайтын, тәуекелден тайсалмайтын маманның аз ғана уақытта Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі басшысының орынбасары, артынша Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы болуының сырын өзгелерден озық тұратын ұшқыр ойымен, басқалардан бөлек болмысымен байланыстырған жөн шығар.

Сот жүйесіне қаршадайынан келіп, қызметке ерте араласқан қазақтың қарапайым ғана қара баласы қазір, міне, бірдей бір облыстық соттың жұмысын бірізге түсіріп, шаруаны шатақпайттай, алға сүйреп келеді. Оның әрбір ісінен өз мамандығын шексіз сүйетіні, өз кәсібін шынайы берілгендігі байқалып тұрады. Облыстық соттағы әр ғимараттың материалдық-техникалық мәселесін тиімді реттеп, судьялардың алаңсыз қызмет етуіне жан-жақты жағдай туғызған соттар әкімшісінің ұжымдағы ынтымақты, бірлікті нығайтуға мүдделі екенін де байқау қиын емес. Сот мамандарының бірлесе қызмет етіп, түрлі жарыс, байқауларда топ жарып жүргеніне де куәміз. Бұл – Аманбек Шыршығұлдының бір-бірін түсінетін, керек кезде айналасына көмек беріп, қолдау көрсетуге құштар, айрандай ұйғыған ұжым қалыптастыра білгенін дәлелі.

Шың мәнінде, үлкен ұжымға басшылық жасау, қызметімен өңірдегі бүкіл судья мен сот қызметкерлерінің бірдей көңілінен шығу оңай шаруа емес. Алдына барған әрбір қызметкердің мәселесін ашуға емес, алдымен ақылға салып, асықпай ой елегінен өткізетін оның бойындағы ұстамдылық әрі сабырлық та өзгенің бойынан табыла бермейтін ерекше қасиет деп білемін. Әркез пенденің көңілін жықпауға, бетін қайтармауға тырысатын ер жігітке тән мінезінің көркемдігін де жиі байқаймын. Аманбек Шыршығұлды соттардың тұрмыстық-шаруашылық жағдайына үнемі көңіл бөле отырып, өңір соттары ғимараттарын жөндеуден өткізу, мүгедектердің сот ғимаратына кедергісіз кіруі үшін арнайы пандустарды орнату секілді шаруаларды да назардан тыс қалдырған жоқ.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» деп сипаттауға әбден лайық Аманбек әріптесіміздің футбол алаңында допты ұршықша иірген әбжіл әрекеті, сын-байқауларда қайтсем де жеңіс тұғырынан көрінсем дейтін биік ынтасы, оқысам, білсем деген тілекпен үнемі қолынан кітап тастамайтын жанкештілігі кейінгі жастың барлығына үлгі боларлықтай. Осындай білікті маманмен, білімді жаспен жолымыздың түйіскен үшін ризамын.

Сот саласының мәртебесін көтеретін, абыройын арттыратын Аманбек Калпаков секілді жастар. «Жастықта жиған білімің – қоғамға жұмсар мүлігің» дейді бабаларымыз. Ендеше, көргені көп, көңілге тоқығаны кемел әріптесіміздің алар асулары әлі алда. Біздің міндет – қанатын қондырған қыранның қолтығынан демеу, түзу ұшуына жол сілтеу ғана.

**Айжан МОЛБАЕВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы**

САРАП

СУДЬЯ – ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

Бағзы уақытта қырық рудың қара қылды қақ жарған билері Күлтөбеде күнде жиын өткізіп, адалдыққа жол іздеп, бай мен кедей, қара мен дараның арасындағы дауды әділдік шешіп, таразыны тең ұстаған. Әр ханның тұсында жанында сенімді жырауы мен ақылшысы, әділ биі қатар жүрген. Әр рудың билері өз туысының күйін күйттемей, әділдіктің адал заңына қол сұқпай, қара халықтың арасындағы тұрақтылықты сақтады.

Сол билердің бүгінгі жалғасы – судьялар. Қазақ хандығының сот-құқықтық кодекстерінің негізін салушылардың бірі Майқы би ірі дипломат және қоғам қайраткері, Шыңғыс ханның кеңесшісі болған. Мемлекеттің нығаюы әз-Жәнібек ханның ұлы Қасым ханның өсімімен де байланысты. Оның билігі тұсында тарихта алғаш рет құқықтық әдет-ғұрыптар мен нормаларды жүйелеу жүргізіліп, ол «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. XVII ғасырдың аяғында «Жеті жарғыны» дайындады. Ол үшін мәнінде тікелей заңдар жүйесіне, сот билігінің кодексіне айналды. Бірақ бұл ережелер жиынтығы бізге

ауызша жеткендіктен, қоғам бұл жарғыларды кодекс ретінде ресми түрде қабылдамады. Соған қарамастан, мындаған жылдар мемлекет жүйесіндегі қоғамдық құбылыстардың өзегінен нәр алған бұл заңдар өз заманында халыққа жақсы қызмет етті.

Ал егемендік жылдары Қазақстан халықаралық беделін нығайтып, елде жаңа қоғамдық-саяси қатынастар пайда болды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құрып жатқанын жариялады. Осының барлығы жас мемлекеттің жаңа қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және халықаралық мәртебесіне неғұрлым толық жауап

беретін түбегейлі құқықтық реформаның қажеттілігін тудырды. Н.Назарбаевтың 1994 жылғы 12 ақпандағы «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы сот-құқықтық жүйесін реформалаудың басты бағыттарын бекіткен тарихи құжат болды.

Егеменді Қазақстанның қалыптасуы соттардың тәуелсіздігін нығайтумен және сот-құқықтық реформаны жүзеге асырумен тығыз байланысты. Араға уақыт сала, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға қол қойылуы сол кезеңнің басты оқиғасы болды.

Бұрынғының билері, қазіргінің судьялары әртүрлі даулы жағдайларда шешім қабылдауға жауапты тұлға болып табылады. Бұл қылмыстық іс те, қарапайым неке дауы да болуы мүмкін. Аталған лауазым басқару құрылымдарына бағынбайды және мемлекеттік аппараттан бөлек жұмыс жасайды. Судья өз

шешімдерінде әрқашан бейтарап болып, тек мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа алады. Қазылар өз жадында көптеген заңнамалық нормаларды, актілерді және құқықтарды сақтауы керек. Осылайша судья дұрыс шешім қабылдай отырып, дәлелдемелерді талдап, қорытындылай білсе ғана, әділ төрелік шықпақ.

Көптің ойындағыдай судьялар тек айыпталушыға әділ шешім шығарып қана қоймай, сала мамандарымен бірлесіп, қос тарапты ымыраға келтіріп, татуласуына да жәрдем береді. Күнделікті келіп түсетін жүздеген арыз-шағымды жан-жақты саралап, дұрысын айту үшін де судьялардан жоғары білім, ұдайы даму талап етіледі. Бұл тұрғыда ел Президенті Қ.Тоқаев та сот жүйесін модернизациялауды күн тәртібінен түсірген емес.

**М.ТҮРҒАНБАЕВ,
Қызылорда қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы**

МІНБЕР

ОТЫЗ ЖЫЛДА
ОРЫНДАЛҒАН МАҚСАТ

Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына отыз жылдан асты. Отыз жылда еліміз әлем танытын іргелі мемлекетке айналды. Шекарасын бекітті, заңдық базасын жаңғыртты. Мемлекеттік құрылымдарда, әр салада айтулы өзгерістер орын алды.

Бүгінге дейін жүргізілген ірі реформалардың жаңа бастамалардың негізгі мақсаты – азаматтардың қауіпсіз ортала, жайлы өмір сүруіне жағдай жасау. Өйткені, еліміздің бас құжаты – Конституцияның 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп айшықталған. Ал азаматтардың салауатты өмір сүруінен бөлек, сапалы еңбек етуі үшін ынталандыру, қолдау тетіктерін енгізу де құқықтық тұрғыдан қарастырылған. Қазақстанда кәсіби мерекелердің белгіленуі – сала мамандарына құрмет көрсетудің, белгілі бір кәсіптің маңызын ұғындырып, мәртебесін көтерудің кепілі.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекет тарапынан белгіленген арнайы кәсіби мерекесінің жоқтығы осыған дейін талай мәрте айтылып, көпшілік талқысына салынып келді. Бұл мәселеге қоғам назарын аударуға тырысқан ардагер-судьялар екені ақиқат. Дәл сол кезде шешімін таппағанымен, арнайы күннің нақтылануына аға буынның сіндірген еңбегі зор. Тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіз сотының негізін қалаған ардагер-судьялар кәсіби мерекеге байланысты алғашқы

түсініктің орнығуына, сенімнің қозғалуына әсер етті. Сондықтан араға қаншама жыл салып орындалған әріптестер арманын аға буынның талап-тілегімен байланыстырған орынды. Сәйкесінше, судья және сот қызметкерлері күні сот ардагерлерінің еңбегін дәріптеу, тәжірибесімен бөлісу күніне айналмақ. Мұндай маңызды мерекеді сала дамуына үлесін қосқан үздіктер аты назардан тыс қалмауы керек.

Мереке күндерінің жайдан жай белгіленбейтіні белгілі. Оған тарихи жағдайлар, нақты себептер түрткі болады. Судья және сот қызметкерлерінің мейрамы ретінде 24 маусымның тандалуы да тегін емес. Бұған дейін кәсіби мерекеге қатысты ұсыныс айтушылар Конституция күнін, Тәуелсіздік мейрамын, сонымен бірге «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі» туралы заң қабылданған 25 желтоқсанды кәсіби мереке ретінде көргісі келетіндерін алға тартқан болатын. Оны қолдаушылар да, басқа ұсынысын білдіріп жүргендер де арамызда баршылық.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты былтыр еліміздегі мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жобасын дайындап, қарау үшін Үкіметке жолдаған болатын. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов аталған жобаны то-

лықтай мақұлдап, өзінің 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысына сай, «Мерекелер күндерінің тізбесін 13-1-тармақпен толықтырып, ағымдағы жылдың 24 маусымы – Сот және сот қызметкерлері күні» деп ресми түрде мәлімдеді.

Жоғарғы Соттың түсіндірме хатында айтылғандай, 24 маусымды Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі деп белгілеуге 1992 жылы дәл осы күні қолданысқа енген «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға соттың сот төрелігін жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі негіз болған. Аталмыш Үкімет қаулысында сот және сот қызметкерлері күні Конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін сот қызметкерлеріне құрмет ретінде ұсынылғаны ерекше атап көрсетілген.

Өрине, мемлекет тарапынан үшінші биліктің қоғамдағы орны, еңбегі ескеріліп, арнайы кәсіби мерекенің бекітілуі – орынды қадам. Биыл алғаш рет тойланып отырған төл мерекеміздің мазмұнын байытып, маңызын арттыру үшін арнайы тұжырымдама жасау кезек күүтірмейді. Кәсіби мереке сот ардагерлерінің ұмыт қалмауына, аға буын мен кіші буынның арасын жалғауға, тәлімгерлік мектебін түлетуге, ең бастысы, береке-бірлігі жарасқан ұйымшыл ұжым қалыптастыруға қызмет етуі керек.

Кәсіби мерекеміз құтты болсын, әріптестер! Бұл күн сот саласының мәртебесін нығайтып, құрметін көтеруге қызмет ете береді деп сенемін.

**Жанар КЕНЖЕБАЕВА,
Түркістан облысы Ордабасы аудандық сотының судьясы**

ЖАНЫҒА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

БАРЛЫҒЫ ТАЗАЛЫҚТАН
БАСТАЛАДЫ

Үлкен ғимаратқа барсақ та, кез келген қызмет орнына кірсек те, әуелі сол жердің тазалығына көзімізді түсетіні рас. Бірақ, тазалыққа көзіміз түскеннен, сол жердегі кіші қызметкерлердің еңбегін ескермей жататынымыз жасырын емес. Мен сот саласында 26 жыл бойы адал қызмет атқарып келе жатқан кіші қызметкер Шамаева Гүлшара Ташенқызы туралы айтқым келеді.

Ол 1962 жылы қыркүйек айында Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әдемелік пен тазалыққа жаны құмар Гүлшара Ташенқызы сот ғимараты ішінің тазалығымен қоса, бөлме және сыртқа егілетін гүлдерді өсірумен айналысып, әрбір түп гүлге өз баласына қарағандай ерекше жанашырлық танытады. Қызметте де, өмірде де өзінің қарапайым-

дылығымен, мейірімге толы жүрегімен айналасына сыйлы, өз ортасында зор беделге ие боп жүр.

Сот қызметіндегі Гүлшара Ташенқызының еңбегі зор деп санаймын, себебі өз қызметін адал атқарып, танертең ертемен келіп, қызметкерлердің жұмыс орындарын тазалап, таза жерде еңбек етуіне атсалысуда. Ертемен келіп, сот ғимаратының алдын, кіре беріс фойені тазалап,

жылтыратып қояды. Гүлшара өз ортасында сыйлы бола жүріп, қолына алған істі үлкен жауапкершілікпен атқарды.

Мәдениеттіліктің ең жоғары сатысы – қарапайымдылық болса, біз Гүлшараның бойынан осы қасиеттерді көріп келеміз. Ол – өз ісінің шебері ғана емес, аяулы жар, қамқор ана. Қазіргі кезде малдәрігерлік инспекциясында күзетші болып жұмыс жасайтын отағасы Шамаев Сәрсенбай екеуі бес бала тәрбиелеп, өсірді. Ұл-қыздарын оқытып-тоқытты, бүгінгі таңда барлығы да өз алдында қызмет етіп, еліміздің дамуына үлесін қосып жүр.

Әр адам өз несібесін еңбектен ғана табады. Өз нәпақасын ешкімге жалтақтамай, адал еңбектен ғана табуға ұмтылған осындай еңбек адамдары жоғары сый-құрметке лайық.

**Г.ТАНКИЕВА,
Ойыл аудандық сотының кеңсе меңгерушісі АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘРІПТЕСТЕР АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

(Соғы. Басы 1-бетте)

Үкімет басшысы Әлихан Смайлов аталған жобаны толықтай мақұлдап, 2022 жылғы 31 наурыздағы тиісті қаулысымен «Мереке күндерінің тізбесі 13-1-тармақпен толықтырылып, ағымдағы жылдың 24 маусымы – Судья және сот қызметкерлері күні» деп бекіткенде, алақайламаған, сүйіншілемеген жан жоқ. Бұл біздің сала үшін үлкен жеңіс, ерекше қуаныш. Енді күнтізбеде судьялар мен сот қызметкерлерінің де арнайы кәсіби мерекесі бар. Осының өзі әріптестердің бұл мәселені жиі-жиі биік мінберлерден айтып, көпшілік талқысына шығаруының нәтижесі болса керек.

Сот саласында табан аудармай қызмет етіп келе жатқан судья ретінде ғана емес, заңды, сотты сыйлайтын азамат ретінде осы кәсіби мерекенің белгіленуіне менің де үлесім бар деп ауыз толтырып айта аламын. Себебі, судьялардың кәсібіне құрмет көрсететін, мәртебесін көтеретін арнайы мерекенің қажет екенін мен жылдар бойы «Заң газетінде», «Юридическая газетада», «Заң» журналында бірнеше рет жаздым. Бұл мақалаларда сот саласының қоғамдағы айрықша орнын, мемлекеттік биліктің бір тармағы екендігін, елдегі әділдік пен қауіпсіздіктің тамыры сот жұмысымен өзектес болғандықтан, судьялар мен сот қызметкерлерін ынталандыратын кәсіби мерекенің қажеттігін нақты дәлел-дәйектермен көп талқысына салған едім. Әр жылдары жарық көрген мақалаларыма республиканың түкпір-түкпірінде еңбек етіп жатқан әріптестерім қызу қолдау білдіріп, бұл ұсыныстың орынды, өзекті екенін алға тартып жатты. Әсіресе, әлеуметтік желілерде, ақпараттық порталдарда бұл мәселе туралы шынайы пікірін, оң көзқарасын білдіргендер аз болған жоқ. Осының өзі бағытымыздың түзу, талабымыздың орынды екеніне көзімізді жеткізе түсті. Басқа тақырыптарда ойымыз бөлек, ұстанымымыз басқа болғанымен, ортақ мерекеге қатысты әріптестер пікірінің бір жерден шыққаны ерекше қуантты.

Менің мақалаларымнан кейін өзге өңірлердегі судьялар, сот ардагерлері



Нұржан ҚАРАБАЕВ, Алатау аудандық сотының судьясы

де тақырыпқа үн қосып, мәселенің оң шешілуіне азаматтық үлесін қосты. «Көп түкірсе – көл» демекші, көпшілік қалауының ескеріліп, тәуелсіздіктің отыз жылында үздіксіз жазылған маңызды мәселенің заңдық тұрғыда реттелгені, әрине, қуаныш.

Бұған дейін 30 тамызды Судьялар күні ретінде атап жүрдік. Бұл сот құрылымының заңға ғана бас иетінімен, Ата Заңды тірек ететінімен байланысты болса керек. Сондай-ақ Тәуелсіздік күні де судьялар мерекесі деп танып, әріптестерімізге жақсы сөзін, ыстық лебізін арнайтындар көп еді. Мұның астарында «сот беделі – мемлекет беделі» деген тәмсілдің жатқаны анық. Десек те, биыл тұңғыш рет атап өкелі отырған мерекенің 24 маусымға орайластырылуы да заңның шеңберінен алыстап кетпейді. Судья мәртебесі, сот жұмысына қатысты заңнамалардан хабары бар азаматтар 1992 жылы дәл осы күні Тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен бастап қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға тек соттың сот төрелігін жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін білсе керек. Осы өзгертулер

арқылы мемлекет атынан төрелік ететін сот жүйесінің жандануына, жаңғыруына жол салынғаны есімізде. Ендеше, 24 маусымның кәсіби мерекеге айналуы тарихпен тамырлас.

Мереке күндерінің жайдан жай белгіленбейтіні белгілі. Еліміздегі басты мерекелер тәуелсіз мемлекеттің тұғырын нығайтып, халықтың бірлігін, татулығын, тыныштығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Осы ретте «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңының ерекшелігіне тоқталмай кету мүмкін емес. 2001 жылдың 13 желтоқсан күні қабылданған бұл заң алты баптан тұрады. Құжат мемлекеттік, ұлттық, кәсіби мерекенің аражігін заңдық тұрғыда ажыратып беруімен құнды. Заңда көрініс тапқан Ұлттық мерекелер Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленсе, мемлекеттік мерекелер қоғамдық-саяси мәні бар оқиғаларға арналады. Ал заңның 4-бабында кәсіби болса өзге де мерекелерді белгілеудің реті көрсетілген. Мұндай мерекелік күндердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Биыл судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін күнтізбеге қосу арқылы Үкімет төрелік алаңында тынбай еңбек етіп жүрген судьялар мен мамандарға ерекше ілтипат, құрмет көрсетті.

Жалпы, кез келген кәсіптің иесі марапатқа, құрметке лайық. Олар өз еңбегімен мемлекеттің өркендеуіне, елдің дамуына ықпал етеді. Ал судьялар мен сот қызметкерлерінің әділдікті орнатуда, қауіпсіздікті сақтауда, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауда өлшеусіз еңбек етіп келе жатқаны кім-кімге де белгілі. Яғни, судьялардың кәсіби мерекесінің белгіленуі – сот алаңындағы мамандарды мемлекеттік деңгейде мойындаудың, еңбекті бағалаудың бір түрі. Ендеше, төл мерекеміз құтты болсын, барша әріптестер! Әділдіктің таразысын тең тартып, әрқайсысыңыз халықтың алғысына, ризашылығына бөлене беріңіздер! Біз үшін халықтың ықыласынан биік марапат жоқ.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



Судьялар одағының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Майра Геназбайқызының кәсібін дұрыс тандағаны адалдық, әділдік, жауапкершілік, орындаушылық, терең білім, табандылық пен еңбексүйгіштік сияқты қасиеттерінен байқалады. Ол өзінің лауазымдық міндеттерін іскерлікпен атқару, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру үшін үнемі іздене отырып, әсіресе, жаңадан ашылған ювеналды мамандандырылған ауданаралық соттың ашылған күнінен бастап М.Үрістембаева зор еңбек сіңірді. Ғимаратты жабдықтау секілді мәселелерден бастап барлық істің басы-қасында болып, үлкен жанашырлық танытып, осы сотта өзінің өмірлік және кәсіби тәжірибесін қолданды.

Майра Геназбайқызының басшылығымен Ақтөбе облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты «Жылдың үздік аудандық соты» облыстық байқауында 2014 жылдың қорытындысы бойынша соттың жұмысын тиісті деңгейде ұйымдастыру және сот төрелігін жүзеге асыру бойынша I-орынды иеленді. Сот республикалық байқауға жолдама алып, нәтижесінде жеткен табыстары үшін ҚР

Ақтөбе облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының ұжымы

ПАЙЫМ



Манат КӨМІРШИНОВ, Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы

СОТ БИЛІГІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

(Соғы. Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда еліміз бойынша сот отырысының залдары 100% дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, «Сот кабинеті» сервисі арқылы кез келген азамат өз арыздарын, талап-тілектерін үйден шықпай-ақ жолдай алады. Одан бөлек, сот актілерін де осы сервиспен жүктеп алуына мүмкіндік бар. Хат алмасу жұмыстары да электронды түрде

«Сот кабинеті» арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, соңғы жылдары сот отырыстарын онлайн режимде өткізу барынша қарқын алды. Қазір кез келген жерден әртүрлі мобильді қосымшалар мен бағдарламалар арқылы сот отырысына қашықтан қатысуға болады. Бұл жаңа ақпараттық технологиялар, әсіресе, пандемияға байланысты шектеулер кезінде халыққа тиімді болды.

Мен атап өткен жұмыстардың барлығы – соттың ашықтығын, жариялығын және халыққа қолжетімділігін қамтамасыз етуден туған ізденістер. Осы шағын мақалада тәуелсіз ел тарихындағы сот жұмысын атап өтуге тырыстым. Дегенмен, 30 жылғы нәтиженің барлығын бір мақала аясына сыйғызу мүмкін емес. Жасалған жұмыстың бағасын тарих өзі саралап, халық береді деп ойлаймын. Дана халқымыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп әділ қазыны бір ауыз сөзбен сипаттаған.

Біздің мақсатымыз – әділдіктің ақ туын биік ұстап, аңқа адал болу.

Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында сот жүйесінің ардагерлері мен судьяларын, сот қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтаймын. Баршаныңға зор денсаулық, шаңырақтыңыңға шаттық және ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге абырой тілеймін.

Қоғамда заң үстемдігі салтанат құрған қуатты ел болайық! Халқымыз аман, Тәуелсіздігіміз тұрақты болғай!

КӨЗҚАРАС

ӘДІЛДІК МАҚСАТҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Кәсіби мереке – судьялар мен сот қызметкерлерінің қиын да жауапты қызметіне жасалған лайықты құрмет. Бұған дейін төл мерекеміз болмады. Бірақ, солай екен деп өз жұмысына селқос қарап, жүктелген міндетті немқұрайлы атқарған кезіміз жоқ. Себебі, сот алаңында адам тағдыры таразыға түседі. Ал адамның өмірімен, азаматтардың тағдырымен ойнауға болмайды. Әлемде қателесуге қакысы жоқ екі мамандық болса, соның бірі және негізгісі – сот. Сотта әр сөздің салмағы бар, тіпті бір тыныс белгісінің өзі істің бағытын өзгертуге пәрменді.


Сондықтан да сот корпусын сауатты, білікті, өз кәсібін сүйетін мамандармен толықтыруға жылдар бойы күш жұмсалып келеді. Осы мақсатта судьялықтан үміткерлерге қойылатын талап та күшейтілді. Қазір судья болу бақыты тек мықтының мықтысының бағына бұйырады. Бұған қоса, судья болғаннан кейінгі жүктелетін жауаптылықты да түсініп, қабылдау керек. «Әділдік мақсатқа жеткізеді», – демекші, біздің сүйенеріміз – заң мен әр.

Үміткерлер судья – халықтың адамы, елдің алдында жүретін тұлға екенін білгені жөн. Сот отырысына келген тараптар судьяның біліміне ғана емес, оның сөйлеген сөзіне, дауыс ырғағына, көзқарасына, тіпті киген киімі мен шаш үлгісіне дейін мән береді. Судьяның тараптарға тең қарауы, тең мүмкіндік беруі де басты назарда тұратыны рас. Бұл сот процесіндегі судья келбетіне қойылатын талаптар. Ал өзге кәсіп иелерімен салыстырғанда, судьяның сот жұмысынан тыс кездегі әдебі де қоғамның жігі бақылауында екенін ұмытпауымыз керек. Судьяның қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауы, азаматтармен тіл табысуы, кісілік келбеті, парасат пайымы өзгелерге үлгі болуы тиіс. Мұның барлығы Судьялардың әдеп кодексінде толық көрсетілген. 1996 жылы ұйымдастырылған республика судьяларының I-сезінде бас тақырып ретінде қазылардың кісілік келбетіне қойылатын талаптардың талқыға салынып, ең алдымен судья Әдебі кодексін қабылдау туралы шешімнің қабыдануының өзі бұл мәселеге сот корпусының да қаншалықты жауапты қарайтынын аңғартады. Міне сол уақыттан бері Әдеп кодексі әр судьяның күнделікті жұмыс үстелінде тұратын, үнемі парақтап, қарап отыратын маңызды құжатына айналды.

Бүгінгідей ақпараттық заманда ешбір мәліметті, тосын жағдайды жасырып, жабу мүмкін емес. Бұл судьялардың әр қадамын ойлап жасауына, асығыс шешім қабылдауына, сот беделіне нұқсан келтіретін, абыройына көлеңке түсіретін теріс әрекеттерден бойына аулақ салуына көмектеседі. Бір судьяның ерсі әрекеті бүкіл сот құрылымының атына кір келтіреді. Сондықтан әрбір судья сот жүйесінің дамуына, ілгерілеуіне, халықаралық межеден табылуына қызмет етуі керек.

Осындай зор жауапкершілік жүгін арқалап келген судьялар мен сот қызметкерлерінің еңбегін ескеріп, жұмысын бағалап арнайы мерекенің белгіленуі әрине, зор қуаныш. Осы сүйінші хабарды естіп сала біз ең алдымен сот саласына алғаш қадам жасағанда жол нұсқаған, білмегенімізді үйретіп, тәжірибемізді шыңдауға көмектескен ардагер судьяларға хабарласып, қуанышымызбен бөлістік. Шын мәнінде бұл мейрамда ең алдымен қазакстандық соттың іргетасын қалап, тәуелсіздіктің отыз жылында қолға алынған іргелі реформаларды сәтті жүзеге асырған аға буынның еңбегін ескеріп, бағасын беру керек. Ал алдыңғы көшті лайықты жалғастыру, ізімізден ергендерге түзу бағыт беру – біздерге міндет.

Биыл алғашқы рет атап өтілгені отырған кәсіби мерекеміз құтты болсын, әріптестер!



Жұлдыз ЖАКЕЕВА, Қызылорда қаласы №2 сотының судьясы

ӨНЕГЕ

ТӘЛІМГЕР

Судьялық қызмет – құқықтық-демократиялық елді құру жолындағы заң саласының ең мәртебелі лауазымы болса, судья – әділ төрелікке кепіл бола алатын, адам тағдырын таразылайтын сот билігін жүзеге асырушы. Кез келген істі оңды шешу, даулардың соңғы нүктесін әділ қою – судья міндетінің абыройлы функциясы. Осындай қара қылды қысқартуға негізделген жұмысы ауыр, жауапкершілігі жоғары қызметке саналы ғұмырын арнағандардың бірі – Майра Геназбайқызы Үрістембаева.

М.Үрістембаева сот жүйесінде 38 жыл абыройлы қызмет атқарған, сот саласындағы қызметін 1979 жылдан қантар айында хат тасумен бастап, екі ай өтпей, Ақтөбе облыстық сотының сот отырысы хатшысы қызметіне ауысқан. Кейін отбасының Қарғалы ауданына қоныс аударуына байланысты 1985-1993 жылдары аудандық сотта сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы, аға сот орындаушысы қызметтерін атқарған. Сонымен қатар, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, соттың кәсіподақ комитетінің төрайымы болып, еңбегімен көзге түсіп, 1993 жылы Ақтөбе облыстық сотының төрағасы К.Кейкіннің шақыртуымен облыстық соттың аға сот орындаушысы қызметіне тағайындалған. Атқарушылық іс жүргізде үздік көрсеткіш көрсеткен Майра Геназбайқызы кез келген жұмысты дөңгелентіп алып кететінін осы жолы тағы бір дәлелді.

1994 жылдың қазан айынан бастап М.Үрістембаева Ақтөбе қалалық сотының әкімшілік және атқарушылық іс жүргізу бойынша судьясы болып сайланып, 1996 жылдан бастап Президент Жарлығымен осы соттың судьясы

қызметіне тағайындалған. 2006-2012 жылдары Ақтөбе облыстық сотының азаматтық және қылмыстық істер сот алқаларында судья болып жұмыс жасаған.

Майра Геназбайқызы сапалы сот төрелігін іске асырумен бірге, «Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» РҚБ Ақтөбе облыстық филиалының хатшысы қызметін атқарып, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. ҚР Судьялар одағының V және VI съездерінің делегаты болып сайланды.

2012 жылғы 12 наурызда Майра Үрістембаева ҚР Президентінің Жарлығымен Ақтөбе облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы қызметіне тағайындалды. Еліміздегі ювеналды әділет жүйесін құрудың басты қадамы болған көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың ашылған күнінен бастап М.Үрістембаева зор еңбек сіңірді. Ғимаратты жабдықтау секілді мәселелерден бастап барлық істің басы-қасында болып, үлкен жанашырлық танытып, осы сотта өзінің өмірлік және кәсіби тәжірибесін қолданды.

Майра Геназбайқызының басшылығымен Ақтөбе облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты «Жылдың үздік аудандық соты» облыстық байқауында 2014 жылдың қорытындысы бойынша соттың жұмысын тиісті деңгейде ұйымдастыру және сот төрелігін жүзеге асыру бойынша I-орынды иеленді. Сот республикалық байқауға жолдама алып, нәтижесінде жеткен табыстары үшін ҚР

МЕЖЕ

БАҒЫНДЫРАР БЕЛЕС КӨП

ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН БЕРІ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІң СОТ-ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ СОТ ЖҮЙЕСІНІң АРДАҒЕРЛЕРІ, СУДЬЯЛАР ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІң ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ ЗОР. ОСЫ ЖЫЛДАР ІШІНДЕ СОТ ЖҮЙЕСІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАСТАМА БОЛАТЫН РЕФОРМАЛАРДЫ БАСТАҢ ОТКЕРІП, ЗАМАН ТАЛАБЫНА ҮЛЕСІП ОТЫРҒАНЫНА БҮГІНГІ КҮН ДӘЛЕЛ.

Егемендік жылдарында сот жүйесін мамандандыру арқылы сот төрелігіне қолжетімділік артты. 2002 жылы мамандандырылған экономикалық соттар, 2004 жылы әкімшілік соттар, 2010 жылы қылмыстық істер жөніндегі соттар, 2012 жылы кәсіпкерлік қолдау және қорғау соттары, 2018 жылы тергеу соттары, 2021 жылы жария құқықтық дауларды қарайтын әкімшілік соттар құрылды. Қазіргі уақытта сот төрелігін атқаруда тыңғылықты жетістікті көрсетіп, мамандандырылған салалары бойынша сот практикасын нық қалыптастырып келеді. Соттарда жүзеге асырылып жатқан қайталанбас жобалар, тың бастамалар нәтижесінде соттар жариялық пен ашықтық жағдайда нәтижелі еңбек үлгісін көрсетуде.

Күнделікті жанартылып отыратын соттардың ресми сайттары мен «Төрелік», «Сот кабинеті» секілді электрондық ақпараттық сервистерінде халыққа қызмет көрсету тетіктері ұлғайтылды. Сонымен бірге, халыққа ақпараттық кеңес беру мақсатында WhatsApp нөмірлері мен Телеграмм-бот каналдары үздіксіз азаматтардың сауалдарына жауап беріп отыр.

Сонымен қатар соттарда QR код арқылы сот қызметтеріне қол жеткізуге бағытталған арнайы базалық топтама жасақталған. Азаматтар сот құжаттарының үлгілерін, өңір соттарының орналасқан жерін, мемлекеттік баждың деректемелерін, «Сот кабинеті» сервисін, МКБК арқылы сотқа қатысудың тәртібін, сенім телефондарының нөмірлерін және тағы басқа да өздеріне қажетті ақпараттар-

ды QR код арқылы да ала алады. Ал, сот отырыстары TrueConf, What's App, Zoom мобильді қосымшаларының көмегімен қашықтан өтуде. Айта кету керек, сот жүйесінде жүзеге асырылған «Сот төрелігінің жеті түйіні» ақымды бағдарламасы аясындағы «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Татуласу: сотқа дейін, сотта», сондай-ақ, «Бітіруші-судья», «Түнгі сот», «Отбасылық сот», «Отбасылық фронт-офистер», «Отбасылық кеңес» беру сияқты жобалар халыққа танытылған дәлелдеді. Жуырда Жоғарғы Сот Smart-Bridge - https://sb.egov.kz/ – платформасында ашық бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында ашық сот актілеріне жедел қолжетімділік жөніндегі сервис қызметін іске қосты. Smart-Bridge пайдаланушылары деректерді «Сот актілерін іздеу», «Істің нәтижесін болжау», «Контрагенттерді тексеру» және «Талап арыздарының конструкторы», т.б. қызметтерін жасау үшін пайдалана алады.

Сот жүйесінің беделін арттырып, қарапайым халықтың үлесінен шығу мақсатында атқарылған жұмыстар нәтижесінде халықпен кері байланыс орнату деңгейі көтеріліп, жұмыс сапасы арта түсті. Бұл ретте судьялар мен сот мамандарының қосып отырған үлесін айтып өткен абзал.

Ардақ СМАҒАМБЕТОВА,
Қызылорда облыстық сотының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

ОҢ ҚАДАМ

ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Сот жүйесіндегі негізгі тұлға – судья. Сондықтан судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің, уақыт сұранысына сай жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызудың маңызы зор. Осы орайда атап өтер жайт, сот жүйесімен бірге судьяларға қатысты да салада көптеген өзгерістер орын алуда. Сот жүйесінің кешегісі мен бүгінгі салыстыруға келмейді. Ал болашақта жасалар өзгерістердің саланы одан әрі жаңғыртып, әлемдік стандарттарға сай бейімдейтіні анық.

Дәл қазір салада жасалып жатқан елеулі өзгерістің бірі соттарды қаржыландырудың жаңа моделін енгізу болып отыр. Бұл сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп күтілуде. Сондай-ақ өткен жылдың аяғында Сенат депутаттары «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгеріс енгізуді көздейтін заңды қабылдады. Яғни саланың жұмысын заң аясында қамтамасыз етті. Бүгінде сол заңның аясында судьялардың кәсіби дайындығын шыңдау, сот жүйесіне білікті маман тарту, судьялардың жауапкершілігі мен тәуелсіздігін арттыру, сондай-ақ сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін белгілеу жұмыстары жүзеге асуда. Соттарды қаржыландырудың жаңа моделі мен судьялардың өзін-өзі басқару органдарының қаражатты бөлуі сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Сондай-ақ соңғы жылдары сот жүйесін біліктілігі жоғары кадрлармен жедел қамтамасыз ету Жоғарғы сот кеңесінің маңызды міндеті болып отыр. Бұл туралы Мемлекет басшысы «біз судьяларға деген қолдауымыз теріс көзқарасты өзгертуіміз керек. Фемидалық барлық қызметкері заңдылықпен, сатылмайтындықтың, кәсіби біліктің үстемдік құруына қызмет етуі тиіс. Сонда ғана біз құқықтық мемлекет және әділетті қоғам құра аламыз», – деген еді.

Қазіргі таңда судьяларды іріктеуге қатаң көңіл бөлінуде. Әділдігі «қара қылды қас жарған» судьяларды жалпы елімізге ортақ қылу жұмыстары да сотті жүргізілуде. Соттарды аумақпен шектемеу жобасы – осының айғағы. Мәселен, өз аумағындағы сот қызметіне көңіл толмаған жағдайда, кез келген қаладан сотты таңдай отырып, жалпы соттар арасындағы бәсекелестікті арттыру, бәсекелестік болғанда да олардың барынша кәсіби, өз қызметіне берілген тұлғаны анықтау мүмкіндігі де туып тұр. «Бұл ұсыныс сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді құралға айналып, бүкіл еліміздегі соттардың жүктемесін бірлесіп бөлуге ықпал ететіні анық. Идея аяқ астынан пайда болған жоқ. Пандемия кезінде соттардың істерді қашықтан қарауы белгілі бір дәрежеде оның артықшылығын көрсетті. Бұл – сот ісін қарау барысында уақыт пен ресурстарды айтарлықтай үнемдеу деген сөз. Жалпы, соттарды аумақпен шектемеу туралы ұсыныс – өте өзекті мәселе», – деген болатын Қасым-Жомарт Кемелұлы. Осылайша бүгінгі күні нағыз әділ судьяның халық таңдауына не болуы үшін, өз абдырайын сақтау мақсатында адал қызмет етуде жүйенің өзі итермелеп отырғаны байқалып отыр. Саладағы мұндай өзгерістердің барлығының маңызы зор екенін тәжірибе көрсетуде.

Салима БАКИЕВА,
Алматы қаласы Алматы аудандық №2 сотының судьясы

ЖҮРЕКЖАРДЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмендеп, қай салаға да жоқтан бар жасау оңайға соққан жоқ. Оның үстіне сағат сайын өзгерген шақта елдегі тұрақтылықты сақтаудың өзі үлкен күшті қажет еткен еді. Осынау елең-алаң шақта мемлекет құрылымын, оның ішінде құқықтық органдарды жаңаша құру мәселелері күн тәртібінде тұрды. Әсіресе, құқықтық мемлекет құру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында игілікті жұмыстар тоқтаусыз атқарылды.

БҰЛ МЕРЕКЕНІҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Ата Заңымызда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны, сот билігі ел Конституциясының заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылатыны көрсетілді.

1994 жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасы туралы» қаулы қабылданып, онда қазылардың тәуелсіздігіне кепілдік беріліп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғаудың заңдық-құқықтық алғышарттары жасалған еді. Сондай-ақ, Азаматтық іс жүргізу және Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне енгізілген жаңа өзгерістердің қабылдануы сот жүйесінің буынын бекітті. Одан бөлек, елімізде алқабилер институты енгізіліп, мамандандырылған соттар бой көтерді. Өз кезегінде соттарды мамандандыру сот төрелігінің сапасын арттыра түсті. Ал, «Алқабилер туралы» заңның қабылдануы сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттеп, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігін кепілдіктерін,

олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындап берді.

Даусыз дау-жанжалдарды шешудің баламалы тәсілдерін көздейтін «Медиация туралы» заңның қабылдануы да еліміз үшін елеулі жаңалық болды. Өркес Президенттің өзі дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін де дамыту қажеттігіне, бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашатынына көңіл аударып келеді. Еліміз бойынша бүгінде 47 татуласу орталығы ашылып, 413 билер кеңесі құрылған. Сондай-ақ, бұрын істердің тек 2-3 пайызы ғана татуласумен аяқталса, қазір бұл көрсеткіш 37 пайызға жеткен.

Сонымен қатар, судьялар мінез-құлықтарының Бангалорлық принциптеріне негізделген Судьялық әдеп кодексінің қабылдануы да үлкен жетістік. Бүгінгі таңда барлық сот процестері дыбыс-бейнежазбаға (тайға таңба басқандай) жазылып, судьяның дыбыс-бейнежазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын өзгертуге мүмкіндігі жоқ. Бұл сот қызметіне деген арыз-шағымды азайтты, ашықтықты арттырды. Осыдан бірнеше жыл бұрын



сот хатшылары сотқа шақыру қағазын үй-үйді аралап, өздері таратып әбрігерге түсетін. Сот хатшылары бірнеше томдық сот хаттамасын компьютермен емес, қолмен жазып, қағазға түсіретін. Сондай-ақ, сотқа жүгінуші тарап есік алдында сағаттап кезек күтетін. Ал, қазір мұның бірі жоқ. Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізудің нәтижесінде тараптар үйде отырып-ақ, талап қою өтініштерін беріп, олардың орындалу барысы туралы сырттай бақылай алады. Тіпті, қазір сот отырысына қашықтықтан қатысу жолға қойылып, ұялы телефонның көмегімен сот оты-

Тәуелсіз еліміздің сот жүйесі реформалау мен жаңғыртудың бірнеше сағысынан сәтті өтіп, шындығы бағындырып келеді. Ал, биыл елімізде алғаш рет 24 маусымда Судья және сот қызметкері күні атап өтілмек. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» демекші, ақ пен қараны ажыратып, әділдіктің туын жықпай, жауапкершілігі мол салада қызмет етіп жүрген әрбіріміз үшін бұл мерекенің орны бөлек.

Ақмарал АХМЕТОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

ТҮЛҒА

ЖАҢАШЫЛ БАСШЫ – ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Хромтау аудандық сотының төрағасы Айсұлтан Балмуханов — облыстағы білікті де тәжірибелі заңгерлердің бірі. Оның осы саладағы мүлтіксіз қызметі қандай да құрметке лайық.

Өрине, мұндай бедел адамға оп-оңай келмейтіні белгілі. Ол ел ішінде өсті, жетілді, танылды. Жас кезінен намысын жоғары ұстады. Жалпы, Айсұлтан Жабайұлы туралы сөз айту үшін өзіміз бағамдаған кейбір жайларға көңіл аударғмыз келеді. Ауыл баласының кішкентайынан көп жайларды ұғынып өсетіні бар. Мәселен, Айсұлтаннның бірге оқыған кластары Ұлы Отан соғысы кезіндегі ел қорғаған батырлар есімдерін жақсы білетін. Оның ішінде актөбелік ерлер туралы мұғалімдері сабақ барысында жиі айтып, құлақтарына құйып қойғаны өз алдына бөлек әнгіме. Осындай ретпен көрші Байғанин ауданынан шыққан батыр Қожабай Жазықов жөнінде Айсұлтаннның өзі де, қатар жүрген жолдастары да кішкентай кездерінен біраз мәліметтерге ие болған. Балалық әсермен «Сондай батыр болсақ» деп арман-қиялға берілетін кездері де болыпты. Ал, алдағыны кім болжапты? Айсұлтан сол батыр ағаның баласы Темірғали Жазықовпен 1984 жылы әскер қатарына бірге алынды. Он сегіздегі өрімдей жастар Қытай шекарасында біраз уақыт бірге қызмет етті. Темірғали да батыр әке тәрбиесін көрген, адал қызмет етіп, «Шекара әскерінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Осында жауынгерлік дайындықтан өтіп, біраз сынды бастан кешкеннен кейін, Айсұлтан қызмет ететін танкіге қарсы тұратын взводтың қанды қырғын жүріп жатқан Ауғанстанға жіберілетіні белгілі болады. Өрине, онда бару — әркімнің өз еркі. Бірақ отаншылдық рухында тәрбиеленген, оның үстіне бала кезден батыр болуды армандаған Айсұлтанға қатарластарынан қалып, кері шегіну өліммен тең еді. Олар көзге көрінбейтін майдан жүріп жатқан жат елге Тәжікстан арқылы өтті. Алғашқы күннен-ақ жол қиындығы алдарынан шықты. Ауғанстан жеріндегі қауіп бұларға көп күттірмеді. Келесі күні-ақ бұлар тосқауылда тұрды. Барлаушылардың мәліметі бойынша, осы жерден жау керуені өтуге тиіс. Шынында да солай болды. Тосқауылда тұрған кеңес әскерлерін байқап қалған дұшмандар бірден оқ атуға кірісті. Осындай қауіпке толы күндер өтіп жатты. Ал Айсұлтаннның ауған жерінде қанды қырғын ортасында жүргендігінен үйдегілер мүлдем хабарсыз еді. Ол туыстарының, әсіресе,



анасының жүрегіне қорқыныш ұялатқысы келмеді. Хат тікелей Тәжікстан шекарасына келетін, одан кейін иелеріне жеткізу қиына соқпайтын.

Сол уақыттардағы ауған соғысының ақиқаты көпке дейін жария етілмей келді. Жауынгерлердің өзі ерліктерін айта бермейтін. Қазір де сол күндерді еске алса, Айсұлтан Жабайұлының жүрегі шым ете қалады. Қаншама қаруластары жаралы болды, елге сүйегі қайтқандар қаншама?!

Әскер қатарынан аман-есен елге оралған Айсұлтан жоғарғы білім алу үшін Алматыға тартады. Қазақ мемлекеттік университеті заң факультетінің дайындық курсына құжаттарын тапсырады. 1992 жылы университетті бітірген жас маманды Ақтөбе облысына жібереді. Ол заң саласындағы алғашқы қызметін Алға аудандық сотында судья қызметінде бастайды. Содан кейін Хромтау, Мұғалжар аудандарында, облыстық сотта судья болып қызмет етеді. Ақтөбе қалалық №2 сотының төрағасы болған жылдары оның тәжірибе жинақтаған, өз ісін жетік білетін, кәсіби маман ретінде танылған тұсына сәйкес келіп еді.

Қазір Айсұлтан Жабайұлы – Хромтау аудандық сотының төрағасы. Бір кездері жас маман кезінде осында судья болып еңбек еткен ол араға жылдар салып, таныс өңірге төраға қызметіне қайта оралды.

Қазіргі уақытта ол судьяның бірінші біліктіліктегі классына ие. Әскери ұрысқа қатысқан кездегі ерекшелігі үшін берілген «КСРО мемлекеттік шекарасын үздік күзеткені үшін»

медалі – әскер қатарындағы күндерінің куәгері іспетті.

– Жоғары оқу орнын бітіргелі құқық қорғау органдарында, прокуратурада және адвокатурада жұмыс жасаған емеспін. Қолға диплом алған соң, судьялық қызметке тұрып, тек осы салада ғана қызмет еткеніме биыл 30 жыл толып отыр, – дейді ол.

1998 жылдан 2010 жылға дейін облыстық соттың қылмыстық істер қарайтын сот алқасының судьясы қызметінде небір аса ауыр қылмыстық істерді бірінші инстанцияда қарап, үлкен тәжірибе жинақтады.

Ердің жасы – елудің үстіне шыққалы да көп бола қойған жоқ. Айсұлтан Жабайұлы осы биіктен қарағанда бүгінде ағалық кезенге көтерілгенін көбірек сезінеді. Өзі сыйлайтын алдыңғы буынның біраз өкілдері қазір зейнет демалысында, сонынан еріп келе жатқан жастар бұларға қарайды.

Айсұлтан Жабайұлының Ақтөбе қаласының №2 соты төрағасы болған кезінде көптеген шаруаларға ұйытқы болғанын білеміз. Мәселен, азаматтар арасында медиация институтын кеңінен насихаттау мақсатында түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді. Прокуратура, адвокатура, құқық қорғау органдары және медиаторлардың қатысуымен медиация тақырыбында үнемі дөңгелек үстелдер, семинар сабақтары ұйымдастырылды. Бірлесіп жұмыс жасағанның нәтижесінде медиатордың көмегімен шешімін таппаған істердің саны жылдан-жылға көбейіп, оң нәтижесін көрсетті.

Айсұлтан Жабайұлының сот процесінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге үлкен үлес қосқанын әріптестері жақсы біледі.

Бұл біз білетін бірер жайттар ғана. Ал Айсұлтан Жабайұлы қай жерде қызмет атқарса да, істегі маңыздылықты, жақсылықты жоғары орынға қояды. Сондықтан да болар, оны адамдар қорған тұтады, онымен ақылдасып-кеңескенді қалайды.

Ол өз мамандығын мақтан тұтады. Сондықтан да үнемі ізденіп, заң талаптарының тереңіне үңіліп, ылғи да зерттеп отырады.

Ол Судьялар одағы бастамашылдық жасаған жаңа Әдеп кодексі мемлекет атынан сөйлейтін судьялардың біліктілік қасиетін ғана емес, кісілік келбетін, адамгершілік, рухани бейнесін нығайтуға ықпал етеді деген ойда.

Айсұлтан Жабайұлы биіктіктің бағасын жақсы біледі. Сондықтан да өзі еңбекпен, қиындықпен шыққан асуларын аласартпайды.
Ләззат ӘДІРОВА

ТАҒЫМ

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақ ССР-нің Жоғарғы Соты республикадағы ең жоғарғы сот ұйымы болып танылды.

1924 жылы қазіргі Қазақстан территориясында Ақмола, Семей, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай, Орынбор, Орал губерниясы және Адай уезі болған. Әр аймақтың өз соты болды. Адай уездік соты губерниялық сот дәрежесінде жұмыс жасады. Бұл қазіргі Маңғыстау облыстық сотының түпкі негізі деуге болады.

Маңғыстау сотының тарихы Ақтау қалалық сотынан басталады. 1961 жылы Ақтау кенті құрылды, кейін ол қалаға айналды. 1964 жылдан 1991 жылға дейін Шевченко қаласы деп аталды. 1966 жылы алғаш рет Шевченко қалалық халық соты құрылды. Оның төрағасы болып Б.Екібаев сайланды. Одан кейін О.Шахияев төрағалық етті. Оның тұсында күрделі сот реформасы жүргізілді. Яғни 1970 жылы Одақ бойынша Әділет министрлігі құрылды. Сөйтіп, Қазақ ССР Жоғарғы Сотындағы облыстық, аудандық халық соттарының штаттық кестесі, нотариалдық кеңсе, оларды материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесі, жасау-жабдықтары, өзге де материалдық құнды заттары мен құжаттар Әділет министрлігіне берілді.

Қазақстанның бұдан кейінгі сот құрылымы 1990 жылға дейін бірыңғай жүйеде дамып отырды. Ақтау қалалық сотын 1979-1983 жылдары А.Хаймович, 1983-1990 жылдары Ю.Кузнецов, 1991-1992 жылдары Н.Спиридоновалар басқарды.

1992-2002 жылдары төрағалық еткен Мараг Сабырбаевтың тұсында сот билігінде үлкен қиындықтар орын алды. Сол кездегі төрағалық қызметін еске алғанда, Мараг Қалмұратұлы жекеменшік компаниялардың жарамсыз деп шығарып тастаған компьютерлерін соттарға алып келіп қолданғандарын, материалдық-техникалық жабдықтардың, сот ғимараттарының жетіспеушілігі секілді проблемаларды бастан өткергендерін айтады.

Одан кейін 2002-2007 жылдары Ә.Ж. Шығамбаев, 2007-2010 жылдары А.Нағашыбаев, 2011-2016 жылдары М.Әубәкіров, 2016-2019 жылдары

М.Кенжалиев сот төрағасы болып қызмет атқарды.

Ақтау қалалық соты 1974 жылдан бері бір ғимаратта өз жұмысын үздіксіз атқарып келеді.

1986-1988 жылдары Ақтау қалалық соты кеңсесі республикалық соттар кеңселері арасындағы байқауда бірінші орын алып, ҚазССР Әділет министрлігінің Құрмет грамотасына ие болған, талай мәрте мақтау қағаздарымен марапатталған. 2014 жылы да республика бойынша аудандық, қалалық соттар ішінде «Үздік сот» аталымы бойынша 3-орынды иеленді.

Сот-құқықтық реформаның шегінде 2007 жылдан бастап экономика және құқық салаларына тиісті істерді едәуір сапалы қарауға бағдарланған мамандандырылған соттар құрыла бастады. Осыған байланысты Ақтау қалалық соты 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қылмыстық істерді қарайтын сот болып белгіленді. Содан бері бұл сотта қылмыстық істердің жілігін шағып, майын ішкен майталман судьялар базасы қалыптасты. Олардың қатарында бүгінде осы соттан құрметті демалысқа шыққан Галина Айжарықова, Бердібек Мырзабеков, Аралбай Нағашыбаев, Марет Ковраева секілді ардагер судьялар мен облыстық соттың судьялары Мұрат Әубәкіров, Сәуле Өмірболтаовалар бар.

Бүгінде қалалық сотта 10-ға тарта судья және 30-дан астам сот қызметкерлері жұмыс істейді.

Сот жұмысындағы құжаттамалық айналымды уақытылы және жана үлгіде бекітілген технологияда жүргізу мақсатында 2008 жылы Ақтау қалалық сотында «Қазақстан Республикасының сот органдарында біріншіланған ақпараттық аналитикалық талдау жүйесі» бағдарламасы орнатылды. Ал, 2014 жылдан бастап соттар «Төрелік» бағдарламасымен жұмыс жасауға кірісті. Аталған бағдарлама кіріс, шығыс және ішкі айналымдағы құжаттардың электронды түрде жүргізілуін, сот іс қағаздарын, яғни, сот істерін электронды түрде тіркеп, сот актісі қабылданғанша есепке алып отыруды қарастырады. «Төрелік» бағдарламасы сот жұмысын әлдеқайда жеңілдетті. «Сот кабинеті» сервисі істерге қатысты барлық құжаттарды қашықтан тапсыруға мүмкіндік берді.

Қылмыстық істер тікелей адам

тағдырына қатысты болғандықтан, мұндай істерді қарауда ар мен адам алдындағы жауапкершілік те, сын да жоғары болады. Ақтау қалалық сотының тәжірибесінде небір ауыр істер болды. Мысалы, 2012 жылы Жаңаөзен оқиғасына қатысты бірнеше іс Ақтау қалалық сотында қаралды. Оның ішінде 37 тұлғаға қатысты 94 томдық ең үлкен іс халықаралық бақылаушы-

лардың, көптеген БАҚ өкілдерінің қатысуымен өтті. Бытырдан бері жүздеген жәбірленушілердің қатысуымен алаяқтар тобына қатысты том-том істер қаралып жатыр. Қоғамның үлкен қызығушылығын тудырған мұндай істерді көпшіліктің назарында қарау – судьяға үлкен сын. Десе де, ешқашан қалалық соттың судьялары мұндай сыннан мүдірген емес.

Құқықтық нормалардың қолданылуы мен құқықтық қатынастардың реттелуі әр кезеңде өзіндік қиындықтармен жаңғыртуларға ұшырап отырады. Өткен ғасырда сот билігі патша заманындағы империя мүддесін қорғаған заңдылықты, қызыл большевиктер кезіндегі қанқұйлы «үштік» соттар билігін, Ұлы Отан соғысы тұсындағы «соғыс жағдайында» төрелік етуді басынан өткізді. Ал, кешегі пандемия жағдайында қаншама әріптестеріміз өмірден өтіп, соттардың есігі жабылғанымен, барлық процестер уақытында онлайн режимде жүріп жатты. Бұл – ашықтық пен жариялылықты талап еткен цифрландыру жүйесінің жетістігі.

Жалпы, тәуелсіздік алғалы бері сот төрелігін басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту, жана ақпараттық технологияларды белсенді енгізу, болмашы мәселелер бойынша дауларды соттардан тыс шешу секілді өзгерістер біртіндеп соң бірі енгізілуде. Талап пен тәртіп те күшейіп келеді. Сот ісін жүргізуді одан әрі модернизациялау мен оңтайландыру, сот төрелігі мен сот әкімгерлігі мәселелерінің жігін ажырату, судьялар корпусының кәсіптік деңгейін арттыру бойынша шаралар тоқтаған емес. Осының бәрін бір жұдырық боп жұмылған Ақтау қалалық сотының ұжымы ретімен еңсеріп келеді.

«Би төртгің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік» деген екен дана халқымыз. Бүгінгі судьяларымыздың арасында да осындай төрт талапқа лайық әріптестеріміздің бар екені анық. Олардың көне билер жолын жалғастырып, қарапайым халықтың мүддесін қорғауда әділдіктің биік шыңдарынан көріне алатыны да бек мүмкін.

Бауыржан ШАЙДУЛЛИН,
Ақтау қалалық сотының
төрағасы

МЕРЕЙ

Конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қосқан үлесі үшін судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне құрмет көрсетуге арналған мереке қарсаңында әріптесім, ардагер Рахаделова Әлия Анисқызы туралы айтпауға болмас.

АРДАГЕР

Әлия Анисқызы Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Еңбек ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген, жеті баланың үшіншісі. Мектептен кейін Арқалық қаласындағы педагогикалық институттың орыс тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түсіп, бір жыл оқыған соң, Әлия Анисқызы сырттай бөлімге ауысады.

– Педагогикалық институттан заң факультетіне ауысқым келді, бірақ ол кезде мұндай рәсімге жол берілмеді. Араға жылдар салып, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде заңгер мамандығы бойынша сырттай білім алып, өз мақсатыма қол жеткіздім, – деп еске алады ардагер.

Еңбек жолын Наурызым ауданы, Жамбыл орта мектебінде мұғалім болып бастаған жас маман заңгер дипломын алған соң, Арқалық қалалық сотына сот отырысының хатшысы болып жұмысқа орналасады.

– Торғай облысы 1971 жылы жана ғана ашылған болатын, бос орын жоқ, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілмеген. Маған хатшының жұмысы бірден ұнады, мені қызықтырды, – дейді Әлия Анисқызы. – Ол кезде хаттаманы толықтай хатшылар өздері жазатын, шақырту қағаздарын өздері таратып, кодификацияны өздері жүргізетін. Көшірмелер көшірме қағаздың астына жазылған, ең

көбі алты дана. Сондықтан да жұмыстан кеш шығып, қиындыққа қарамай, ұйымшылдықпен, бар ынтамен жұмыс жасайтынбыз.

Әлия Анисқызы еңбек жолының барлық сатысынан – сот отырысының хатшысынан бастап судьялық қызметке дейін көтерілді. Арқалық қалалық сотында 1971 жылдың 13 шілдесінен 1999 жылдың 20 наурызына дейін, яғни, 28 жыл еңбек еткен. Осы кезеңде Әлия Рахаделова сот отырысының хатшысы, сот приставы, кеңесші қызметтерін атқарды, халық кеңесшісі, бір мезгілде Арқалық қалалық сотының судьясы қызметтерін атқарды.

1999 жылы Лисаков қалалық сотының судьясы қызметіне ауысып, 2002 жылдан бастап облыстық соттың судьясы болды тағайындалды. Жалпы, сот жүйесінде қырық жылға жуық қызмет етті.

Қазір Әлия Анисқызы құрметті зейнет демалысында. Жолдасы екеуі тәрбиелеп өсірген көздің ағы мен қарсаңдайды қос ұлы ана жолын қуып, заң саласын таңдады. Кәсіби мереке қарсаңында ұзақ жылғы адал еңбегі мен тәжірибесі, мейірімі мен даналығы үшін Әлия Рахаделоваға зор алғыс айтамыз.

Ғайһар СЕЙДАХМЕТОВА,
Қостанай облыстық сотының
судьясы

ЗЕЙНЕТ

ӨНЕГЕ БАСТАУЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жолында қалтқысыз қызмет еткен жандардың бірі – ҚР Заңгерлер одағының мүшесі Ақбала Тоғысова.



Саналы ғұмырын бір салаға арнап, 40 жыл аудандық сотта абыройлы еңбек еткен ол 1959 жылы Шәменов ауылында дүниеге келген. Алғашқы еңбек жолын заң саласынан бастауды жөн санаған Ақбала Қалмаханқызы 1978 жылы аудандық сотқа жетекші маман болып жұмысқа орналасты. Өз мамандығын сүйген ол кейін Алматы қаласындағы Каспий қоғамдық заң университетінің құқықтану факультетін бітіріп, заңгер мамандығын алып шықты.

Аудандық сотта жүріп, өзінің ынта-жігері мен қарым-қабілетін көрсете білген оны басшылық сот отырысының хатшысы етіп тағайындады. Ол кезде бүгінгідей компьютер жоқ, барлығын жазу машинкасымен теріп, одан қалса, қолмен жазатын. Сот саласының қайнаған тіршілігіне араласқан Ақбала Қалмаханқызы барлық хаттаманы, соттың шешімін, сот отырысына қатысушы барлық адамдардың өтініштерін, қарсылықтарын, жауаптарын, түсініктемелерін уақытылы әрі сауатты жазып шығатын.

«Қызметімнің ең қиын тұстары кеңестік кезеңде өтті. Неге десеніз, сотта болған мән-жайды, үкімді, барлығын қолмен жазды. Бұл қыруар уақытты қажет етеді. Мәселен, күніне бір ғана сот отырысы болса, жақсы ғой, кейде процесс көбейіп кетеді. Сот тарихынан белгілі, бұрын қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бір қазанда кайнап, соттар істің барлық түрін қарай беретін. Оның бәрін қарау, жан-жақты сараптау, тиісті заңына сәйкес шешім шығару қиындық тудыратын. Кейін сот саласы жетілдіріліп, мамандандырылған соттар құрылды. Сол кезеңде уақытпен санаспай, жұмыс жасадық. Көп жылғы тәжірибемнен түсінгенім, әрбір маман өз қызметіне аса ұқыптылықпен қарап, жанашырлықпен жұмыс жасаса, кез келген саланың дамуы жеделдейді. Сондықтан, қазіргі жастар қай салада еңбек етсе де, ең бастысы, жауапкершіліктен қашпауы керек», – дейді сот саласының ардагері.

Білікті маман кейін 1986-1995

жылдары бас маман-сот отырысының хатшысы, 1995-1998 жылдары бас маман-сот орындаушысы, 1998-2002 жылдары бас маман-сот отырысының хатшысы болды. Кейін бас маман қызметін атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қолға алған бұл қызметті де ұршықтай иіріп, қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз етуге еңбек сіңірді. Сот саласы түгелдей қайта жаңғырған кезеңде де бар күш-қайратын саланың дамуына жұмсады.

Кеңестік дәуірдегі сот жүйесін көзбен көріп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сот саласының жетілуіне сүбелі үлес қосқан ардагер 2018 жылы құрметті зейнет демалысына шықты. Бала кезінен заң саласында жұмыс жасауды армандаған Ақбала Қалмаханқызы өзінің алға қойған мақсаты орындалғанын айтып марқаяды. Бүгінгі таңда жастарға ақыл-кеңесін айтып, мол тәжірибесімен бөлісіп жүр. Өмірде беделі салмақты ардагерлерден құралған билер кеңесінің мүшесі ретінде ол қазіргі кезде азаматтық даулардың сотқа дейін шешілуіне, ел бірлігін нығайтуға атсалысып келеді.

Сот саласындағы ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбегі еленіп, «Мінсіз қызметі үшін», «Сот жүйесінің ардагері» медалін кеудесіне тақты. Қызылорда облыстық сот төрағасының, Қызылорда облысы әкімінің, Жалағаш ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Аян АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ДӘСТҮР ЖАЛҒАСЫ

«АТ ТҰЯҒЫН ТАЙ БАСАР»

«Ат тұяғын тай басар» деген бабаларымыздан қалған өте керемет сөз бар. Абзал Өміртайұлы сот жүйесінде бел шешпей 38 жыл еңбек еткен әкесі Балабеков Өміртайдың жолын жалғастырып келеді. «Әкенің балаға берген ақылы – өмірлік құндылық». Өміртай Негерұлы өмірден тоқығаны мол, адамгершілік қасиеттері жоғары, ақпейілді, қамқор да әділетті, талапшыл судья болған.

Өміртай Негерұлы судьялық мәртебелі қызметінде күрделі істерді әділ шешіп, сот төрелігін дамытуда көптеген еңбек сіңірді.

Ал, Абзал Өміртайұлы терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілетінің арқасында қатардағы заңгерден қалалық, аудандық сот саласының белгілі де беделді судьясы және аудандық сот төрағасы деңгейіне дейін көтерілді. Сот саласында судья және аудандық соттың төрағасы болып жауапты қызметтер

атқарып, 22 жылдан бері сот жүйесінің қалыптасып, нығаюына көп еңбек сіңіріп келеді. Сонымен қатар Судьялардың әдеп комиссиясының мүшелігіне қабылданып, жемісті еңбек етуде.

Осындай тынымсыз еңбегі еленіп, көптеген марапаттарға ие болды. Сот саласын дамытуға сіңірген зор үлесі үшін ол өңіріне жарқыратып «Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл» мерекелік медалін тақты, сондай-ақ Судьялар одағының Құрмет грамотасымен, Ақмола облыстық соты төрағасының, Аршалы, Бурабай аудан әкімдерінің, алғыс хаттарымен марапатталды. Өнегелі маман, білікті басшы, талапшыл азамат ретінде әріптестерінің арасында зор беделге ие Абзал Өміртайұлының жастарға берер үлгі-өнегесі мен тәлімі мол.

Динара МҰҚАНОВА,
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу
сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Сентрас Иншуранс» сактандыру компаниясы» АҚ акционері мен басшылығына

Пікір

Біз «Сентрас Иншуранс» сактандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігіне 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есептен, пайда немесе шығын туралы және өзге де жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен тұратын аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «КЕХС») сәйкес көрсетілген күні аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысын дұрыс көрсетеді..

Пікір білдіруге негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз, көрсетілген стандарттарға сәйкес, бұдан әрі біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде баяндалады. Біз Қазақстан Республикасында қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын әдеп талаптарға сәйкес компанияға қатысты тәуелсіз және осы талаптарға сәйкес өзге де әдеп міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық КЕХС-қа сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалауларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайларда мәліметтерді ашуға және басшылық компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қандай да бір іс-әрекеті болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал немесе қызметті жою немесе тоқтатудан басқа нақты балама негізінде қаржылық есептілікті жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар компанияның қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік жоғары сенімділік дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынна кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесілерді орындаймыз:

жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтауға тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтауға тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз іс-әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмаланған ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;

қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізіндігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде «Сентрас Иншуранс» сактандыру компаниясы» АҚ-ның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті емес болып табылса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жаасағанға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

жалпы қаржылық есептіліктің ұсынылуын, ақпараттың ашылуын қоса алғанда, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынуын бағалауды жүргіземіз.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «Сентрас Иншуранс» сактандыру компаниясы» АҚ корпоративтік басқаруына жауап беретін тұлғалармен ақпараттық қарым-қатынасты жүзеге асырамыз. Сонымен қатар оларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сонымен қатар аудит нәтижелері бойынша маңызды ескертулер, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің аудит кезінде біз анықтаған маңызды кемшіліктері туралы ақпарат береміз.

Ержан Досымбеков

Жоба серіктесі/«Grant Thornton» ЖШС-нің бас директоры

Қазақстан Республикасының білікті аудиторы
2012 жылдың 20 қаңтардағы
біліктілік куәлігі №МФ-0000069

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетімен 2018 жылғы 3 тамызда берілген сериясы №18015053 мемлекеттік лицензия.

28 сәуір 2022 жыл

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы

Форма №1

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ сактандыру (қайта сактандыру) ұйымының БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСЫ

2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша

(мың теңгемен)

Баптар атауы	01.01.2022	01.01.2021
1	2	3

Ақша қаражаты және оның баламалары	409 088	149 719
Орналасырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	0	209 522
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	17 968 004	8 919 754
Бағалы қағаздармен «Кері РЕПО» операциялары	402 840	2 065 895
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сактандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	1 431 246	1 122 619
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сактандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	573 104	537 642
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сактандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	689 870	570 859
Сактанушылардан (қайта сактанушылардан) және делдалдардан алынатын сактандыру сыйлықақылары (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	387 155	842 462
Сактандыру және қайта сактандыру бойынша дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	162 366	148 741
Баска дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	236 549	333 495
Болашақ кезеңдер шығындары	13 424	4 986
Ағымды салық активі	43 716	20 224
Салынған салық активі	66 472	49 779
Қорлар	19 816	17 959
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде)	156 637	173 670
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (амортизацияны және құнсызданудан болған зияндарды шегергенде)	151 780	0
Материалды емес активтер (амортизацияны есептемегенде)	65 979	78 135
Баска активтер	24 180	133 239
Барлық активтер	22 802 226	15 378 700
Атқарылмаған сыйлықақы резерві	3 721 583	4 218 395
Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резерві	1 466 065	1 472 917
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар резерві	1 560 699	1 580 015
Қайта сактандырушылармен есеп айырысу	477 473	413 052
Сактандыру (қайта сактандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу	29 014	33 606
Сактандыру (қайта сактандыру) шарттары бойынша төлеуге берілетін шоттар	105 475	100 332
Баска кредиторлық қарыздар	53 161	47 464
Жалға алу бойынша міндеттемелер	156 406	0
«РЕПО» операциясы	5 970 092	368 278
Болашақ кезеңдердің табысы	169 454	195 551
Салықтар бойынша міндеттемелер	52 537	51 449
Баска міндеттемелер	286 266	331 677
Барлық міндеттемелер	14 048 225	8 812 736
Жарғылық капитал (құрылтайшылар салымдары)	1 325 750	1 325 750
Тұрақтандырушы резерв	0	4 740
анықтамалықта табылмады	376 995	344 976
бөлінбеген пайда	7 051 256	4 890 498
алдыңғы жылдар	4 895 238	3 389 003
есептік кезең	2 156 018	1 501 495
Барлық капитал	8 754 001	6 565 964
Барлық міндеттемелер және капитал	22 802 226	15 378 700

Бірінші басшы (ол болмаған жағдайда - оны алмастыратын тұлға)

_____ Б.А. Турысбеков

Бас есепші (ол болмаған жағдайда - оны алмастыратын тұлға)

_____ Т.Б. Скачкова

Форма №2

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ сактандыру (қайта сактандыру) ұйымының кірістер және шығыстар туралы есеп

2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша

(мың теңгемен)

Баптар атауы	01.01.2022	01.01.2021
1	2	3

Сактандыру қызметі бойынша кірістер	6 143 175	7 221 659
Сактандыру шарттары бойынша қабылданған сактандыру сыйлықақылары	10 636 518	12 040 245
Қайта сактандыру шарттары бойынша қабылданған сактандыру сыйлықақылары	120 710	69 852
Қайта сактандыруға берілген сактандыру сыйлықақылары	5 994 195	5 372 581
Сактандыру сыйлықақыларының таза сомасы	4 763 033	6 737 516
Атқарылмаған сыйлықақы резервінің өзгеруі	-496 812	-722 327
Атқарылмаған сыйлықақылар бойынша қайта сактандыру активтерінің өзгеруі	308 627	-722 228
Атқарған сактандыру сыйлықақылары, нетто	5 568 472	6 737 615
Сактандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер	553 926	443 345
Сактандыру қызметінен түсетін баска да кірістер	20 777	40 699
Инвестициялық қызмет бойынша кірістер	2 200 138	1 397 099
Сыйақы алуға байланысты кірістер	972 809	580 749
Сыйақы (купон немесе дисконт) түріндегі бағалы қағаздар бойынша кірістер	963 591	533 841
орналастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі кірістер	9 218	46 908
Қаржы активтерімен операциялар бойынша кірістер (шығыстар) (нетто)	-168 451	103 749
бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер (шығыстар) (нетто)	-21 747	-2 820

Кері РЕПО операциялары бойынша кірістер	-146 704	106 569
Қайта бағалаудан болған кірістер (шығыстар) (нетто)	1 220 986	571 422
сату үшін қолда бар Бағалы қағаздар құнының өзгеруінен кірістер (шығыстар)	1 150 949	298 414
Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығыстар) (нетто)	70 037	273 008
Баска заңды тұлғалардың капиталына қатысудан түскен кірістер	182 617	144 147
Инвестициялық қызметтен түскен баска да кірістер (шығыстар)	-7 823	-2 968
Өзге қызметтен түскен кірістер	16 855	41 727
Активтерді сатудан және активтерді алудан (беруден) түскен кірістер (шығыстар)	7 467	17 507
Өзге қызметтен түсетін өзге де кірістер	9 388	24 220
Барлық кірістер	8 360 168	8 660 485
Сактандыру шарттары бойынша сактандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар	2 218 826	3 291 090
Қайта сактандыруға қабылданған шарттар бойынша сактандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар	129 760	144 572
Қайта сактандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу	689 818	1 224 258
Кері талап бойынша өтеу	157 492	199 917
Сактандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	1 501 276	2 011 487
Сактандыру залалдарын реттеу бойынша шығыстар	28 408	37 554
Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервінің өзгеруі	-6 852	-26 956
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сактандыру активтерінің өзгеруі	35 462	-81 207
Мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдар резервінің өзгеруі	-19 316	-149 285
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зияндар бойынша қайта сактандыру активтерінің өзгеруі	119 011	104 576
Сактандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар	1 241 348	1 935 576
Сактандыру (қайта сактандыру) шартын бұзуға байланысты шығыстар	356 737	565 449
Төлеуге байланысты шығыстар сыйақы	60 581	80 253
бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі шығыстар	60 581	80 253
Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	11 594	2 008
Құнсыздану бойынша резервтерге арналған шығыстар	177 082	52 573
Құнсыздану бойынша резервтерді қалпына келтіру	31 042	25 702
Құнсыздану бойынша резервтерге арналған таза шығыстар	146 040	26 871
Жалпы және әкімшілік шығыстар, оның ішінде: еңбекке ақы төлеу және іссапар шығыстары	2 795 819	2 408 611
корпоративтік табыс салығын қоспағанда, ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін баска да міндетті төлемдер	1 861 676	1 552 600
ағымдағы жалдау бойынша шығыстар	151 469	135 660
жарнамаға арналған шығыстар	134 646	141 281
үшінші тұлғалардың қызметтері	114 197	120 425
аудиторлық, консультациялық қызметтерге және ақпараттық шығыстарға арналған шығындар	65 665	53 100
Амортизациялық аударымдар және тозу	50 898	54 474
Өзге де шығындар	109 157	94 430
Барлық шығындар	10 457	28 393
Кезең бойынша пайда (шығын)	5 971 619	6 896 592
Салық салынғанға дейінгі таза пайда / таза шығын	2 388 549	1 763 893
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (шығын)	2 388 549	1 763 893
Табыс салығы бойынша шығындар	232 531	262 398
Корпоративтік табыс салығы	232 531	262 398
Таза пайда/таза шығын	2 156 018	1 501 495
Салықтарды төлегеннен кейінгі таза пайданың (шығынның) жиынтығы	2 156 018	1 501 495

Бірінші басшы (ол болмаған жағдайда - оны алмастыратын тұлға)

_____ Б.А. Турысбеков

Бас есепші (ол болмаған жағдайда - оны алмастыратын тұлға)

_____ Т.Б. Скачкова

Форма №3

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ сактандыру (қайта сактандыру) ұйымының Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)

2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша

(мың теңгемен)

Баптар атауы	01.01.2022	01.01.2021
1	2	3
Салық салынғанға дейінгі пайда	2 409 156	1 763 893
Ақшалай емес баптарды түзету:	57 832	441 270
Амортизациялық аударымдар және тозу	109 157	94 430
күмәнді борыштар бойынша резервтер бойынша шығындар	146 040	26 871
қаржы активі құнының өзгеруінен болған іске асырылмаған кірістер мен шығындар	32 019	401 247
ақшалай емес баптарға өзге де түзетулер	-229 384	-81 278
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық кіріс (шығын)	2 466 988 </	

(Соңы. Басы 6-бетте)

Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің сомасын ұлғайту (азайту) (нетто)	-6 852	-26 956
Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резервінің сомасын ұлғайту (азайту) (нетто)	-19 316	-149 285
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысулардың ұлғаюы (азаюы)	64 421	-8 535
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысулардың ұлғаюы (азаюы)	-4 592	-7 154
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төлеуге берілетін шоттарды ұлғайту (азайту)	5 143	-127 220
Басқа да кредиторлық берешектің ұлғаюы (азаюы)	5 713	-682
РЕПО операциясының ұлғаюы (азаюы)	5 601 814	-940 078
Болашақ кезеңдер кірістерінің ұлғаюы (азаюы)	-26 097	26 852
Өзге де міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы)	-44 323	30 384
Табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағындары	-1 948 842	-1 957 406
Төленген корпоративтік табыс салығы	232 531	262 398
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының жиыны	-2 181 373	-2 219 804
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	-26 397	-27 503
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сату	151	200
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағындары	-26 246	-27 303
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының ағындары	0	0
Есепті кезеңдегі ақшаның таза ұлғаюы немесе азаюы жиынтығы	259 369	-41 944
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	149 719	191 663
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары	409 088	149 719

Бірінші басшы (ол болмаған жағдайда - оны алмастыратын тұлға) _____ Б.А. Турысбеков

Форма №4

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталдағы өзгерістері туралы есебі 2022 жылғы «01» қаңтардағы жағдай бойынша

(мың теңгемен)

Баптар атауы	Жарғылық капитал	Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау қоры	Тұрақтандырушы резерв	Бөлінбеген пайда (шығын)	Барлық капитал
1	2	3	4	5	6
01.01.2021	1 325 750	344 976	4 740	4 890 498	6 565 964
Жыл ішіндегі таза пайда	0			2 156 018	2 156 018
Өзге де жиынтық кіріс	0	32 019	0	0	32 019
Тұрақтандыру резервінен ауыстыру	0		-4 740	4 740	0
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс/шығын	1 328 750	376 995	0	7 051 256	8 757 001
01.01.2022	1 328 750	376 995	0	7 051 256	8 757 001

Бірінші басшы (ол болмаған жағдайда - оны алмастыратын тұлға) _____ Б.А. Турысбеков

_____ Б.А. Турысбеков

ӨРТУРЛІ

23. Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 16 маусымдағы ұйғарымымен «ШығысИнСтрой» ЖШС-не, БСН 110140013235, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

ПӘРМЕН



Д.Г.И.ЛЫМАНОВА,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының судьясы

Барлық елдерде әртүрлі заң мекемелері бар: тергеу органдары, прокуратура, нотариат, адвокатура және т.б.

Олардың арасында мемлекеттік биліктің ерекше тармағының бірі – сот. Сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктен айтарлықтай ерекшеленеді. Сот, Парламент сияқты мінез-құлықтың жалпы ережелерін (заңдарды) жасамайды (тек англо-саксон құқығы бар елдерінде

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

бұдан әрі қарастырылған прецеденттер ғана ерекшелік болып табылады), мемлекеттік басқарумен айналыспайды. Соттың күші нақты сипатқа ие. Ерекше процессуалдық нысанда әрекет ете отырып, сот нақты істерді қарайды және шешеді: қылмыстық, ол қылмыстың жасалуының дәлелдерін бағалайды және үкім шығарады; мүлдікті немесе мүлдікті сипаттағы азаматтық немесе қылмыстық құқық бұзушылық туралы тараптар (жеке және заңды тұлғалар) арасындағы өзге де дау; әкімшілік істер (депте, азаматтар мен басқару органдары арасындағы даулар); жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы еңбек жанжалдары және т.б.

Мемлекеттік билікті ерекше түрде жүзеге асыра отырып, сот биліктің басқа тармақтарынан мүлдем оқшауланбайды: ол Парламент шығарған заңдарды, мемлекет органдарының басқа да нормативтік актілерін қолданады, ал атқарушы

билік оның шешімдерін жүзеге асырады (қылмыскерлерді түрмеге қамау, түзеу жұмыстары, мүлдікті мәжбүрлеп өндіріп алу, баспа өнімдерін алып қою және т.б.). Жоғарыда аталған әртүрлі биліктің жеке элементтерінің өзара араласуы заң саласына (іс жүргізу құқығы) және атқарушы билікке (төменде қарастырылған сот бұйрықтары) кіретін сот билігіне де қатысты.

Сот заң шығарушы немесе атқарушы билікке жоқ үлкен өкілеттіктерге ие. Сот шешім қабылдай отырып, заң негізінде адамды бас бостандығынан және өмірден айыруы мүмкін, жеке немесе заңды тұлғалар биліктің неімісіне оның «бөлігін» алып тастай алады (тәркілеу), газетті жауып, саяси партияны таратып, мемлекеттік органды мәжбүрлейді, оның шешімінің күшін жою және лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген залалды тұлғаға немесе ұйымға өтеу, лайық-

сыз ата-аналарды олардың балаларына қатысты ата-ана құқықтарынан айыруы және т.б.

Сот ең алдымен қорғаныс функциясын орындай отырып, өзінің қасиеттері, кадрлық құрамы және мемлекеттік механизмдегі орны бойынша мекеме ретінде консервативті сипатқа ие және бюрократизмнің жоғары деңгейімен сипатталады. Бірақ, екінші жағынан, сот жеке адамның құқығын көпшіліктің қысымынан қорғайды, осылайша жеке адамның бостандығын қорғауды жүзеге асырады.

Соттың маңызды идеологиялық және тәрбиелік рөл атқаратынын да ұмытпауымыз қажет. Ол азаматтарды қоғамда қабылданған заңға, мінез-құлық стандарттарына, дауларды шешудің бейтарап және демократиялық тәртібіне құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Сот билігі тек сот төрелігін жүзеге асырады. Сот төрелігі конституциялық принциптерге – сот қызметін ұйымдастырудың және реттеудің мәні мен мазмұнын анықтайтын жалпы басшылық идеялары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. «СК Orda Stroy KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 060340018717) «Dmistral» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (БСН 141040025243) қосылу нысанында қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, А.Токпанов көшесі, көп. 10, т.е.б. 15, тел.: 87755456547.

5. «Dmistral» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 141040025243) «СК «Orda Stroy KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 060340018717) қосылу түріндегі қайта құру туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, А.Токпанов көшесі, көп. 10, т.е. б. 24, тел.: 87755456547.

10. «Demeu Trading» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 200340018420, «Medinc» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өзіне қосылуына байланысты өзінің қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280-үй, 9-қабат. Тел.: +77273551120.

13. Алматы облысы МАЭС-ның 2022 жылғы 16 маусымдағы ұйғарымымен «ШығысИнСтрой» ЖШС-не, БСН 110140013235, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: 040800, Алматы облысы, Қонаев (Қашпағай) қаласы, 1 ықшамаудан, 8 үй, 2 пәтер.

14. Алматы қаласы Білім басқармасының «А.Розыбакиев атындағы №153 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 961140001062) Алматы қаласы Білім басқармасының «А.Розыбакиев атындағы №153 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қасиорны болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Осыған байланысты барлық талаптар 01.09.2022 жылға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Достық шағынауданы, Сәдуақасов көшесі, 27. Электрондық пошта мекенжайы: school153@inbox.ru. Байланыс телефондары: 8(727)2309761, 8777717149.

15. Осы арқылы «РЕМСТРОЙТЕХНИКА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ (БСН 940840000767, Қазақстан, 040706, Алматы облысы, Іле ауданы, Қазық ауылы, өнеркәсіптік аймақ, учаске 15, +7 701 727 91 28, 8(727) 299-43-84, office@ao-rst.kz, lawyer@ao-rst.kz, www.ao-rst.kz) 2022 жылғы 16 маусымда қоғамның Директорлар кеңесінің шешім қабылданғанын хабарлайды.

«Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 30.07.2022 ж. сағат 14.00-де Алматы облысы, Іле ауданы, Қазық ауылы, өнеркәсіптік аймақ, 15-учаске, акт залы мекенжайы бойынша шақырылды. Егер жылдық жиналыс өткізілмеген жағдайда, акционерлердің қайталама жылдық жиналысы 04.08.2022 ж. сағат 14.00-де осы мекенжай бойынша өткізілсін. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі: 1. Қоғамның 2021 жылғы арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту. 2. Қоғамның 2021 жылғы таза табысын болу тәртібін және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау. 3. Акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселені қарау».

17. «Партизанское-1» ЖШС (БСН 990540005220) өзінің барлық қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабарлайды.

Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Ақмола облысы, Буланды ауданы, Партизанка ауылы, «Тойхана» ғимараты. Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 25 шілде 2022 жыл, сағат 13:00-де.

КҮН ТӨРТІБІНДЕ: Құқықтық мирасқорлыққа байланысты «Партизанское-1» ЖШС қатысушылар құрамының өзгеруі; Қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты «Партизанское-1» ЖШС қайта тіркесуі.

18. Шымкент қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 9 маусымдағы ұйғарымымен «Алем қиыметі» ЖШС-не, БСН 200240020538, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Несиегерлер тізіміне қосу туралы талаптарды уақытша әкімші Л.Л. Абылова осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылдайды: Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі, №88. Тел.: 87017205432.

22. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек жолы ауылы, Ақсу көшесі, 126 мекенжайы бойынша тұрағын Аңдабаев Кенгесбай Джалғасбаевич жары, 16.05.1983 жылы Өзбекстан Республикасы, Хорезм облысы, Янгйбазар ауданында туған, 2011 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек жолы ауылы, Ақсу көшесі, 126 мекенжайы бойынша тұрған, жұмыссыз Әзімұрзаева Яхиншүл Әгзамберенованы хабарсыз кетті немесе қайтыс болды деп жариялау туралы арызбен Қарасай аудандық сотына жүгінді. Әзімұрзаева Яхиншүл Әгзамберенованың жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білген адамдарға жарияланған берілген күннен бастап үш ай мерзімі Алматы облысы, Қарасай аудандық сотына мына мекенжай бойынша ол туралы хабарлауды сұраймыз: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы, Момыншұлы көшесі, 5. Тел.: 8727719902, эл.пошта: 050204@sud.kz.

ТАРАТУ

2. «DCF» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 200140007953, таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қажымұқан көшесі, 20, 21-пәтер, тел.: 87017575747.

3. «Асадбек & М» ЖШС, БСН 200940015160, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Жібек жолы ауылы, Р.Байжарасов көшесі, 30 үй, индекс 040900. Тел.: 87757710171.

6. «МФО Омега Кредит» ЖШС (БСН 190440039254) ломбардтың микроқаржылық қызметін жүзеге асыру үшін берілген лицензияның әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды (Лицензия № 02.21.0034М, 16.03.2021 ж. берілген).

7. «ОМЕГА ЛОМБАРД» ЖШС (БСН 170140005275) ломбардтың микроқаржылық қызметін жүзеге асыру үшін берілген лицензияның әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды (Лицензия № 02.21.0043.L., 26.03.2021 ж. берілген).

9. «Ақбобек1989» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымы, БСН 191040034419 (Қазақстан Республикасы, Атырау обл., Исатай ауданы, Тұшықұдық селосы, Шәріпов көшесі, ғимарат 2), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау обл., Исатай ауданы, Тұшықұдық селосы, Шәріпов көшесі, 17/2. Тел.: 87753188545.

11. «Двуречное - 2017» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 170340022331) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020904, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Двуречное ауылы, Салова көшесі, 25-үй.

16. «Ақунай» ЖШС, БСН 210840005012, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қуат Терібаев көшесі, 29-үй. Тел.: 87079684775.

19. «АЛЬМЕКС» ЖШС, БСН 180640025557, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Зашаған кенті, Гүлзар көшесі, 9/2-үй.

20. «Эльстер Метроника» ЖШҚ (Ресей Федерациясы) Алматы қаласындағы филиалы, БСН 040241004319, заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42-үй, 15-павильон, 050057, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Достық даңғылы, 38, 301С кеңсе, тел.: 87473974747, email: ak@tkl.kz.

МҰРАҒЕРЛІК

8. 18.11.2021 жылы қайтыс болған Мусанов Магавия Есеновичтің мұрагерлерінің Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Жібек жолы даңғылы, 61-офисте орналасқан нотариус Садбан Күләндаш Тұрсынқызына мұра рәсімдеу бойынша жолығуларыңызды сұраймын.

21. 2021 жылғы 23 қыркүйекте қайтыс болған Сахауова Нуржамалдың атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін барлық мұрагерлер нотариус А.А. Амандықоваға, Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе хабарлауларын сұраймыз.

Маңғыстау облысының судьялар қауымдастығы мен Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі Ақтау қалалық сотының судьясы Аида Сағатбекқызы Булақбаеваға

әкесі Сағатбек Жаңбырбайұлы БУЛАҚБАЕВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Телле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс). «Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме,

МӘРТЕБЕ

Судьялар мен сот қызметкерлері үшін биыл ерекше жыл деп атауға болады. Себебі, біраз уақыттан бері айтылып та, жазылып та жүрген мәселе оң шешімін тапты. 24 маусым – Судьялар мен сот саласы қызметкерлерінің мерекесі болып белгіленді. Қазақ халқының көрнекті жазушысы Шерхан Мұртаза «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» деп бекер айтпаса керек. Қоғам үшін қабылданған сауатты заң қашанда пәрменді тетік болары анық. Ал, осы заңды басшылыққа алып жұмыс жасайтын судьялар мен сот саласы қызметкерлерінің жүгі қашанда ауыр әрі жауапты. Себебі, соттың бір шешімімен бірнеше тағдыр шешіледі. Сондықтан болса керек, судьяларға мұлт кетуге де, қателесуге де болмайды.

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІ – БАСТЫ КӨРСЕТКІШ

Десе де, экономиканы жетілдірумен қатар Қазақстанның саяси құрылымы да өзгерді. Орталық басқару жүйесінен жеке саясат жүргізу еркіндігіне көшті. Мемлекеттік билік тармақталып, сот жүйесі жеке дами бастады. Қазақстанның сот жүйесі елдің жалпы жағдайымен қатар өзгеріп, қарыштап келеді. Бүгінде сот өндірісіндегі істер мен судьяларға қатысты шағымдар легі азайған. Әрине, жұмыс нәтижелі болған жерде сын да, пікір де болатыны анық. «Көш жүре түзелетіні» секілді, егемендіктен бері қарай сот жүйесіне енгізілген жаңашылдықтар мен еселі еңбектің арқасында халықтың судьяларға деген сенімі артқан. Тәуелсіздік алғаннан бері сот жүйесі ескі кеңестік сарқыншақтардан арылды, қолданысқа жаңа институттар енгізілді, жаңа заңдар қабылданып, судьялар корпусының тиімді қызмет етуі үшін тәуелсіз сот жүйесінің қағидатына негізделген база қалыптасты. Бұның өзі тәуелсіз елдің пәрменді тетігі – сот жүйесінің бірнеше сатылардан өтіп, жүйенің жаңарғандығын көрсетеді. Мәселен, жаңа базаның ерекшеліктерінің бірі – сот ашықтығы, судьялардың халықаралық деңгейдегі біліктілігін сынау, жаңа технологияларды енгізу, БАҚ өкілдерінің еркін форматта сот залынан

ақпарат таратуының өзі үлкен жетістіктердің бірі дер едім. Бүгінде барлық сот залдары дыбыс-бейне жазбалармен 100 пайыз толық қамтылған.

Мемлекет тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталған әлеуметтік және экономикалық, саяси қайта құру процесі негізінде елімізде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Дербес елдің сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің тағы бір жеке тармағы – соттың іргетасы қаланды. Сол кезеңнен басталған реформа ретретімен заң-ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жетілдіріліп келеді. Сот жүйесінің қызметі Конституцияның VII бөлімінде және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңында айқындалған. Соттың мәртебесі мен беделі және дербестігі мемлекеттегі заң үстемдігінің, жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, халықтың сенімінің нақты көрсеткіші болып есептеледі. Сот билігі – мемлекеттің негізін құрайтын, әлеуметтік саяси, экономикалық және демократиялық даму жолындағы басты тетік. Тараптардың сот билігіне сенім білдіруі сот төрелігін тиімді



Асхат САБИРОВ,
Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

жүзеге асыруға тікелей әсер етеді. Сондықтан да пәрменді және тәуелсіз сот билігі – мемлекет пен қоғам арасындағы өзара байланыстың кепілі әрі азаматтардың құқықтарын қорғаудың басты құралы. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев судья болуға үміткерлер үшін талапты халықаралық деңгеймен сәйкестендіруді, сот жүйесіндегі қағазбастылықты шектеп, халыққа қолайлы етуді тапсырды. Осы тапсырмалардың кезең-кезеңімен жолға қойылып, орындалуы сот жүйесінің тағы бір сатыға өсуі мен алға жылжуының көрінісі деп білемін.

ОРДА

ҮЗДІКТЕРДІ ТҮЛЕТКЕН ҰЯ

СОТ ОТЫРЫСЫ ХАТШЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ, СЫРТ КӨЗБЕН ҚАРАҒАНДА, ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫН ХАТТАМАҒА ТҮСІРІП, ІС ҚҰЖАТТАРЫН РЕТТЕП ОТЫРУМЕН ШЕКТЕЛЕТІНДЕЙ КӨРІНЕДІ. АЛАЙДА, БҮЛ ЖҰМЫС ӨТЕ КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ КӨПТЕГЕН МІНДЕТІ БАР САЛА.

Заң талаптарына сәйкес, сот отырысының хатшысы – сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін, бірақ бұл ретте сот төрелігін іске асыру жөніндегі функцияны орындамайтын және судьяны алмастырмайтын іс жүргізу тұлғасы.

Сот отырысының хатшысы арыз немесе іс сотқа түскеннен бастап архивке өткізуге дейінгі жұмыстармен айналысады: Сот отырысына дайындық жасап, сот отырысына қатысушы адамдарды шақырады, құжаттарды жібереді, судьяның істі уақытылы қарауын қамтамасыз етеді, сот процесін ұйымдастырады, сот отырысына қатысады, хаттама жүргізеді, заңнама талаптарына сәйкес сот істерін ресімдейді, сот актілерін тараптарға және заңды күшіне енгеннен кейін орындауға жібереді, орындалуын бақылайды, орындалған сот істерін архивке тапсырады.

Бүгінгі күні сот жүйесінде техникалық құралдардың озық үлгілері қолданылып, халықаралық стандартқа сай жабылған.

Осыдан бірнеше жыл бұрын іс құжаттары, сот отырысының хаттамалары қолмен жазылды, кейіннен жазу машинкасында терілетін, одан компьютерде толтырылды, қазіргі кезде сот отырысының барысы аудио, бейнежазба арқылы жазылып дайындалады. Істердің барлық қозғалысы «Төрелік» ақпараттық жүйесінде тіркеліп, оны «Сот кабинетінен» іске қатысушылар қарай алады.

Өзім Шалқар аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы қызметін 18 жылдан астам уақыт абыроймен атқарып келемін. Еңбегім үшін Соттар әкімшісі басшылығының алғыс хаттарымен, Құрмет грамотасымен марапаттал-

дым. Қоғамдық жұмыстан да қалыс қалмай, «Сот жүйесінің үздік аудармашысы» республикалық конкурсының облыстық деңгейінде 2-орын иелендім. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Өнерлі мемлекеттік қызметші» байқауында алғыс хатпен марапатталдым.

Жеткен жетістіктеріме, жұмысымның қыр-сырын меңгеруіме септігін тигізген, еңбектегі ұстазым деп мақтаныпшен айта алатын адамым – Шалқар аудандық сотында қырық жыл еңбек етіп, құрметті зейнет демалысына шыққан Б.Елеусенова.

2002 жылы әлеуметтік қамсыздандыру саласынан Шалқар аудандық сотына жұмыс ауыстырып келгенде, ұстазым Бибігүл Қитаманқызынан алған тәлім-тәрбием жұмысымды тез игеруіме септігін тигізді.

Бибігүл Қитаманқызы Елеусенова еңбек жолын Шалқар аудандық сотында 1975 жыл қағаз тасушы (курьер) болып бастап, бас маман – сот отырысының хатшысы қызметінен 2015 жылы зейнеткерлікке шықты.

Бірге қызметтес болғанда аңғарғаным, өзіме өнеге етіп алған тұсым ол кісінің әрдайым өз міндетіне және еңбек тәртібіне аса жауапкершілікпен қарайтыны. Жұмысы тиянақты, құжаттары таза, ұқыпты тігілген, сауатты жазылған, уақытылы орындалған, бақылауға алынған. Ұстанымы – күнделікті жұмысын жооспарлау, уақытты үнемдеу, біліктілікті арттырудан қашпау, мәнсап берілмеді деген өлшеммен еңбек етуге.

Ұстазымыздың 40 жылғы еңбегі ескеріліп, марапаттары ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінен берілген «Сот жүйесінің ардагері» медалімен толықты.

Ақмарал НҮРҮДИН,
Шалқар аудандық сотының бас маманы- сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БІРЛІК

ЫНТЫМАҚ – БҰЗЫЛМАЙТЫН ҚОРҒАН

«Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, Қосылып еккен ағаш – орман», – деп бірақ пен ынтымақты басты орынға қойған бабаларымыз ұрпағын көпшіл, кешірімшіл, кең болуға үндеген.

Расында «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – деген мәтелдің өзі қазақ даналығының қанша заман, қанша ғасыр өтсе де өз мәнін жоғалтпайтынын көрсетеді. Сот саласындағы бүгінгі жетістіктің арқауы да – бірлік. Әр ұжымның бір мақсатқа ұйысып, бір бағдарға бет түзгенінің арқасында сот жүйесі талай реформаларды тыңғылықты жүзеге асырды. Ашықтық, қолжетімділік, жеделдікті көздеген бастамалардың тиімділігіне қарапайым халықтың да көзі жетіп үлгерді. Азаматтардың көңілінен шыққан нәтижелер сот қызметкерлерінің де жұмысын жеңілдетіп, сот саласын қағазбастылықтан, басы артық шаруалардан арылтып болатын. Бүгінгідей кәсіби мереке қарсаңында мен сот кенесінде тындырылды еңбек етіп, сот жұмысының жүйелі атқарылуына үлесін қосып жүрген жандар туралы айтқым келіп отыр.

Кенес – сот жұмысының айнасы. Әрбір азамат судья алдына келгенге дейін сот мамандарының қызметін пайдаланады. Жалпы сотқа қатысты ең алғашқы пікірдің қалыптасуына сот мамандарының қызметі айтарлықтай ықпалын тигізеді. Сондықтан біз сот қызметкерлеріне әрдайым сыпайы сөйлеп, сот ғимаратына келушілердің талап-тілегін асықпай, мұқият тындап, дұрыс жол көрсетуі керектігін қадағалап, ескертіп отырамыз. Біз әрбір сот қыз-

меткеріне болашақ судья деп қараймыз. Олардың кеңсе жұмысын жетік менгеру арқылы заңдарды дұрыс қолдануға, жоғары оқу орындарында алған білімін тәжірибеде шыңдауына толық жағдай туғызамыз. Сот қызметкерлері үшін ұйымдастырылатын семинар-тренингтер белгілі бір тақырыптар бойынша білімді арттыруға, біліктілікті көтеруге бағытталған. Өйткені сот қызметкерлері алдына келген азаматтың сауалына кідіріссіз жауап беріп, ақыл-кеңес беруі керек. Сауатсыз кеңес азаматтарды адастырады, әуреке салады. Бірлігі күшті ұжыммызда сот қызметкерлерінің бірінің білмегенін бірі үйретіп, бірі үлгермей жатса екіншісінің көмектесіп жатқанын жиі байқаймын. Сот олардың екінші отбасына айналған. Сондықтан олар бір-біріне жанашыр. Мұндай ынтымақты ортада кез келген жаңа бастаманы іліп алып кетіп, оң қорытынды шығару оңай. Себебі айрандай ұйғын ұжым ешқашан қиындықтан қорықпайды.

24 маусым – судья және сот қызметкерлері күнінде сот «тылында» еңбек етіп жатқан барша қызметкерлерді, мамандарды шын жүректен мерекемен құттықтаймын. Еңбектері елене берсін!

Талғат ОРЫНҒАЛИ,
Наурызбай аудандық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ҚОҒАМ МЕН БИЛІКТІҢ АЛТЫН КӨПІРІ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ АТРИБУТЫ. БҮЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТТЫ ЖАРИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДЫ ҚАРАЙТЫН АРНАЙЫ СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ, СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮРІ НЕМЕСЕ АТҚАРУШЫ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАДАҒАЛАУ ОРГАНЫ РЕТІНДЕ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ.



А.ЖАМИЕВ,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

2021 жылғы шілде айынан бастап қолданысқа енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – жоғарыда аталған бағыттарды жүзеге асыратын бірден-бір құрал. Жаңа кодекс халықаралық стандарттарға сәйкес әкімшілік әділетті енгізеді. Басты мақсат – азаматтарға басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне нақты қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер жиынтығын бекітіп, сотта дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгілейді. Мысалы, жеке тұлға белгілі бір мәселемен уәкілетті органға жүгінеді. Мемлекеттік орган өз кезегінде осы өтініш бойынша ауыртпалық салатын әкімшілік акт шығарады. Кодекс немесе арнайы заң талаптарына сай, аталған актіні жоғары тұрған органға шағым келтіру мүмкіншілігі бар. Аталған процедураны өткеннен кейін ғана сотқа талап қоюмен жүгінуге

құқық берілген. Одан бөлек, кодексте тараптардың әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығарғанға дейін татуласу мүмкіндігі де қарастырылған.

Кодексті қабылдау мемлекеттік орган қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, жариялық-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын және сот билігінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға оң септігін тигізеді деп күтілуде. Осы аталғандар – қоғам мен биліктің арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін бірден бір тетік.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым **5527** дана
Апталық таралым **11 054** дана

Тапсырыс №86 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31